



SAMRUK
K A Z I N A



**ТҰРАҚТЫ ДАМУ
САЛАСЫНДАҒЫ**

2021
ЖЫЛҒЫ
ЕСЕПТІЛІК

**ҚАУІПСІЗДІКТІ,
ДАМУДЫ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

ҚАУІПСІЗДІКТІ, ДАМУДЫ ЖӘНЕ
ӘЛ-АУҚАТТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



ТҰРАҚТЫ ДАМУ
САЛАСЫНДАҒЫ
2021
ЖЫЛҒЫ ЕСЕПТІЛІК

МАЗМҰНЫ

Басқарма төрағасының үндеуі	3
Есеп туралы	6
Қор туралы	6
2021 жылдың негізгі нәтижелері	10
Қордағы тұрақты даму	12
S компоненті. Әлеуметтік аспект	18
E компоненті. Экологиялық аспект	32
G компоненті. Басқару аспектісі	40
Глоссарий	52
1-қосымша	54
2-қосымша	58
Кері байланыс	61

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы
Басқарма төрағасы



Құрметті әріптестер, серіктестер және инвесторлар!

Өткен жылдың оқиғалары мен нәтижелері тұрақты даму мәселелерінің маңыздылығына тағы бір мәрте назар аудартты. Адамдардың қауіпсіздігі мен әлауқатына баса назар аударуды күшейту, қоршаған ортаға әсерді азайту және корпоративтік мәдениетті дамыту бағытында құндылықтарды қайта қарастырдық.

Адамдар – компанияның басты құндылығы. Қор қызметінің нәтижелері мен инвесторлар үшін құрылатын құн әркімнің кәсібилігі мен қауіпсіздігі деңгейіне байланысты.

2021 жылы біз

32

**қайырымдылық
жобасын жүзеге
асырдық**

Коронавирус инфекциясының таралуы мен жұғуын азайту мақсатында біз бірқатар кешенді шаралар қабылдадық, олар жаппай жұқтыруға жол бермеуге және өндірістік процесті тоқтатпауға мүмкіндік берді. Пандемия

кезінде Қор мен портфельдік компаниялар жұмыс орындарын сақтап қалып, жалақыны толық көлемде уақтылы төлеуді қамтамасыз етті.

Қор мемлекеттік екпе егу науқанын қолдап, Қазақстан халқы үшін мемлекеттік медициналық мекемелерден алуға болатын «Hayat Vax» вакцинасын сатып алуды қаржыландырды. Сонымен қатар Қор халыққа әлеуметтік жобалар арқылы көмек көрсетуін жалғастырды. 2021 жылы біз 500 мыңнан астам бенефициарды қамтитын 32 қайырымдылық жобасын жүзеге асырдық.

Мен үшін және жалпы Қор үшін өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсарту мәселелері ең жоғары басымдықта. Қор тобының барлық қызметкерлері басы бүтін өз отбасыларына аман-есен оралуы тиіс. Қордың компаниялар тобы бойынша H&S саласында елеулі жұмыс жүргізілді. 2021 жылы зардап шеккендердің саны 2020 жылмен салыстырғанда 11%-ға азайды.

Қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және халқымыздың денсаулығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қажырлы еңбегіміз – Самұрық-Қазынаның компаниялар тобының ұзақ мерзімді әрі табысты бизнесінің негізгі факторы. Осыған байланысты 2022 жыл «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» деп жарияланды.

**2021 жылы зардап
шеккендердің саны
2020 жылмен салыстырғанда**

11%-ға

азайды

Жұмыскерлердің әл-ауқатын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасып жатыр. Жұмыскерлерді ынталандыру мен тұрақтандырудың тиімді жүйесін құруды, оларды оқыту мен біліктілігін арттыруды, тәлімгерлік институтын іске асыруды, жас кадрларды тартуды және олардың кәсіби өсуіне жәрдемдесуді қамтитын адами ресурстармен жұмыс жөніндегі іс-шаралар кешені жүзеге асырылып жатыр.

Қордың портфельдік компаниялары жұмыскерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне ерекше көңіл бөледі. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қор компаниялары тобындағы Әлеуметтік әл-ауқат индексі 73%-ды құрады.

Бүкіл әлем тұрақты және инклюзивті болашаққа ұмтылған кезде, біз Самұрық-Қазынада реформалау процесіне, бизнесті жүргізу философиясы мен тәсілдерін қайта қарауға, әлеуметтік жауапкершілікті күшейтуге кірістік.

Біз тұрақты дамуды сапалы өсу мен акционерлік құнды арттырудың негіздерінің бірі ретінде белгіледік. Алдымызға ESG қағидаттарын сақтау, яғни адамдардың әл-ауқатын жақсарту және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту міндетін қойып отырмыз.

Қазіргі әлемде дамудың жаһандық тренді – индустриялық күн тәртібінен климаттық күн тәртібіне көшу. Бүкіл әлем бойынша үкімет пен ірі трансұлттық компаниялар, соның ішінде энергетикалық және мұнай компаниялары көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі мақсаттарды мәлімдеп отыр, халықаралық қаржы ұйымдары көмір өндірісін қаржыландырудан толық бас тартып жатыр.

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастыққа климаттық және экологиялық күн тәртібіндегі қорқынышты әрекетсіздік сценарийлері қажет емес. Үкімет басшылары мен бизнес-қоғамдастық өкілдері қоршаған ортаға әсерді азайту қажеттігін түсінеді және

сындарлы шешімдер іздеуге ұмтылады. Сондай-ақ инвесторлар экологиялық тәуекелдер компаниялардың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығы мен құнына әсер ететін инвестициялық тәуекелдерге айналатынын ұғынады.

Қор қазірдің өзінде осы бағыттағы жұмысты белсенді атқарып отыр. Самұрық-Қазына электр энергетикасы саласында мемлекеттің мүдделерін білдіретін ірі холдинг ретінде елдің «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі жоспарларында шешуші рөл атқарады.

Біздің елімізде өндірілетін электр энергиясының шамамен 70%-ы көмірді отын ретінде пайдалану арқылы өндіріледі. Газға, көмірге және соның салдарынан электр энергиясына ең төмен тарифтердің бірі нәтижесінде Қазақстан экономикасы энергия сыйымдылығы бойынша әлемде 12-ші және көміртегі сыйымдылығы бойынша әлемде 5-ші орында тұр. Бұл ретте халықтың өсуі, цифрландыру және автоматтандыру трендтері электр энергиясын тұтынудың ұлғаюына алып келеді және сұраныс 2060 жылға қарай 3 есе артуы мүмкін әрі осы сұранысты жабу үшін міндетті түрде базалық генерация көздері қажет болады.

Біз жоғарыда аталған және басқа да аспектілерді төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі Қордың тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде ескереміз, ол көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі Қордың пайымы мен мақсаттарын айқындайды. Біз алдымызға 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жоспарлармен көміртегі ізін 10%-ға төмендету жөнінде мақсат қойдық.

2021 жылы Қор қоршаған ортаға әсерді төмендету және ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар кешенін іске асырды. Мәселен, есепті жыл ішінде Қордың портфельдік компаниялары ЖЭК саласында бірқатар жобаларды іске қосты.

Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасы бастау алды. Алдағы уақытта ЖЭО-3-ті де ауыстыру жоспарланып отыр.

**Қор компаниялары
тобындағы Әлеуметтік
әл-ауқат индексі**

**73%-ды
құрады**

**Самұрық-Энерго АІХ
биржасында
18,4
млрд теңге
сомасына дебюттік
«жасыл» облигацияларды
орналастырды**

Қордың портфельдік компаниялары энергияны көп қажет ететін технологиялары бар көптеген ірі өндірушілер бола отырып, энергияны үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға көп көңіл бөледі. Барлық портфельдік компанияларда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. 2021 жылы 50-ден астам іс-шара іске асты, оның қорытындысы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу шамамен 6 млн кВт электр энергиясын құрады.

Қойылған міндеттерді қаржыландыру үшін Қор және портфельдік компаниялар жасыл облигацияларды немесе орнықты даму мақсаттарына байланыстырылған облигацияларды шығару мүмкіндіктерін қарайды. 2021 жылғы қарашада АХҚО-ның қолдауымен Самұрық-Энерго АІХ биржасында 18,4 млрд теңге сомасына дебюттік «жасыл» облигацияларды орналастырды.

Жалпы Қорды Қазақстанның төмен көміртекті дамуға көшуінің локомотиві бола алады деп есептейміз.

Біз корпоративтік басқаруды портфельді тиімді басқаруды қамтамасыз етудің, сондай-ақ активтердің ұзақ мерзімді құнын арттырудың негізгі қаржылық емес факторларының бірі ретінде қарастырамыз. Барлық портфельдік компаниялар үшін акцияларды бастапқы орналастыру жоспарлары мен мерзімдеріне қарамастан корпоративтік басқару деңгейін арттыру міндеті қойылды. Бұл шешім қабылдаудың, комплаенс-рәсімдердің транспаренттілігін қамтамасыз ету және ақпаратты ашу жөніндегі талаптарға да қатысты.

ESG-күн тәртібін енгізу шеңберінде Қордың барлық портфельдік компаниялары алдағы жылдары ESG-рейтингтерді алу бойынша жұмыс жүргізетін болады. Бірқатар портфельдік компаниялар қазірдің өзінде халықаралық рейтингтік агенттіктермен жұмыс істеп жатыр.

Өнім берушілер мен мердігерлер ESG қағидаларын ұстануда құндылықтар тізбегінің маңызды қатысушылары. Соңғы екі жылда ашық тендер тәсілімен және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бәсекелес сатып алудың едәуір өскені байқалады. Бір көзден сатып алу үлесі 5 есе төмендеп, бәсекелес сатып алу 6 есе өсті. Жергілікті қамту үлесі 77%-ға дейін ұлғайды, сатып алу қорытындысы бойынша отандық бизнеске 4.6 трлн теңге төленді.

Қор негізгі көрсеткіштерді жақсарту жұмыстарын жалғастырып жатыр. 2022 жылдың басында Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Реформалар жөніндегі Жоғары Кеңесте реформалау жөніндегі шұғыл және жүйелі шараларды қамтитын Қорды реформалау бағдарламасы мақұлданды.

Шұғыл шаралар аясында Қордың корпоративтік орталығының саны қысқартылып, ұйымдық құрылым оңтайландырылды және шетелдік өкілдіктер жабылды. Бұл шаралар Корпоративтік орталық бойынша

шығындарды 2,6 млрд теңгеге қысқартуға септігін тигізді. Осындай жұмыстар Қордың компаниялары тобы деңгейінде де жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта біз Қордың және портфельдік компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, бизнесті қолдау жөніндегі бастамаларды, дивидендтік және инвестициялық саясаттағы, активтерді жекешелендіру мен адами капиталды дамытудағы жаңа тәсілдерді қамтитын халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жүйелі шараларды іске асыруға кірістік.

Жалпы Қор жоспарлы түрде алға қойылған мақсаттарға ұмтылып келеді. Портфельдік компаниялардың тиімділігін арттыру бойынша кешенді жұмыс атқарылып жатыр. Қысқа мерзімді перспективада біз өзімізді кейін инвестициялық холдинг моделіне көшетін стратегиялық холдинг ретінде танытамыз. Ұзақ мерзімді перспективада жаһандық трендтерге сүйенетін түбегейлі өзгерістер жоспарланып отыр.

Басқарма төрағасы

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Сіздердің назарларыңызға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның (бұдан әрі - Қор) 2021 жылға арналған тұрақты даму саласындағы есебі ұсынылып отыр. Есеп Қор компаниялары тобының тұрақты дамуы туралы алтыншы жеке есебі болады.

Біз 2016 жылдан бастап жыл сайын тұрақты даму саласындағы өз қызметіміз туралы есептілікті дайындаймыз және жарияланатын ақпараттың мазмұндылығы мен сапасын үнемі жетілдіріп отырамыз. 2018 жылдан бастап біз есептілікті Жаһандық есептілік бастамасына (Global Reporting Initiative – GRI) сәйкес жариялаймыз. Жария көрсеткіштері берілген GRI кестесі қосымшада келтірілген.

Біз тұрақты дамудың үш бағыты бойынша қызметіміздің нәтижелерін ашып көрсетеміз: экологиялық тепе-теңдік, әлеуметтік әл-ауқат және корпоративтік басқару.

Біз мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын құра отырып, қызметімізге ашықтық пен айқындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Есеп өзара ықпалдасатын барлық мүдделі тараптардың ынтасында тұрақты дамуға деген біздің көзқарасымызды айқындайды: қоғам, инвестициялық қоғамдастық, қызметкерлер, өнім берушілер, БАҚ, жалғыз акционер, мемлекеттік органдар және портфельдік компаниялар.

Есеп Қор компаниялары тобының қызметін де қамтиды. Есепте Қор компаниялары тобы деп Қор және топқа кіретін ұйымдар жиынтығы айтылған.

Көрсеткіштер бойынша деректерді теңестіру және салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақпарат бірнеше жылдың динамикасында ұсынылған. Қордың тұрақты дамуы туралы есебі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және корпоративтік интернет-сайтта жарияланып, баспа нұсқасын тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

ҚОР ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған. Қордың жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қор аса маңызды мемлекеттік активтерді басқару арқылы Қазақстан экономикасының тұрақты дамуында шешуші рөл атқарады.

Қордың миссиясы – экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және активтердің әртарапталдырылған портфелін тиімді басқару және Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін бизнесті қолдау арқылы ұзақ мерзімді құнды құру.

Негізгі стратегиялық бағыттардың бірі ESG қағидаттарын енгізу бойынша міндеті бар тұрақты даму болып анықталды.


Қордың компаниялар тобы туралы

Қордың компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік кәсіпорындары кіреді. Қордың басқаруында жалпы активтер 2021 жылдың соңында 30,3 трлн теңгені құрады.

Қордың
басқаруында жалпы
активтер 2021 жылдың
соңында

30,3
ТРЛН ТЕҢГЕНІ
құрады

САЛАЛЫҚ БАҒЫТ



ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізеді. Портфельдік компаниялар қызметінің географиясы және олардың қатысу нарықтары төменде көрсетілген.



KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

ҚР уран, сирек металдар, ядролық отын, арнайы жабдықтар мен қос мақсаттағы технологиялар экспорты мен импорты жөніндегі ұлттық оператор.

Қордың иелену үлесі – 75%



Тау-Кен Самрук

Қатты пайдалы қазбаларды барлау, әзірлеу, өндіру, өңдеу және өткізу, сондай-ақ ҚР минералдық-шикізат базасын молайту жөніндегі қазақстандық оператор.

Қордың иелену үлесі – 100%



Қазақстандағы электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі ірі көпсалалы холдинг.

Қордың иелену үлесі – 100%



Ақпараттық коммуникациялық қызметтердің кең ауқымын ұсынатын Қазақстан Республикасының жетекші операторы.

Қордың иелену үлесі – 51%



Қызметін геологиялық барлау мен өндіруден бастап ақырғы өнімді сатуға дейінгі бүкіл тізбек бойынша жүзеге асыратын қазақстандық газ компаниясы.

Қордың иелену үлесі – 100%



Жалға берілетін және коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша Дағдарысқа қарсы бағдарламаның, «Нұрлы Жер» бағдарламасының операторы.

Қордың иелену үлесі – 100%



Қазақстандағы маршруттарға қызмет көрсетуге арналған әуе компаниясы.

Қордың иелену үлесі – 100%



ҚР Пошта байланысының операторы, Дүниежүзілік пошта одағында Қазақстанның Пошта әкімшілігін ұсынады.

Қордың иелену үлесі – 100%



Жылдам дамып келе жатқан халықаралық әуе компаниясы, қауіпсіздік және халықаралық деңгейдегі техникалық сараптама көрсеткіштері жоғары ҚР ұлттық тасымалдаушысы.

Қордың иелену үлесі – 51%



Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүддесін білдіретін көмірсутектерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор.

Қордың иелену үлесі – 90,42%



SAMRUK-KAZHYNA ONDEU

Химия саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін құрылған компания.

Қордың иелену үлесі – 100%



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚР магистралдық теміржол желісінің ұлттық операторы.

Қордың иелену үлесі – 100%



ҚР Электр энергетикалық жүйесінің бірыңғай жүйелік операторы (ҚР БЖС).

Қордың иелену үлесі – 90%

2021 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

1 167
млрд теңге



ҚР бюджетіне салықтар мен төлемдер төленді

170
млрд теңге



Дивиденд 2021 жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционерге төленеді

2

трлн теңге



Инфрақұрылымдық жобаларға инвестицияланған

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

325
млн кВтсағ



«Таза» электр энергиясын өндіру

>8%



ҚР ЖЭК көлемінен Қордың ЖЭК үлесі

>6
млн кВт



Электр қуатын үнемдеу

-9%



2020 жылмен салыстырғанда қалдықтардың азаюы

18

млрд теңге



Сомаға «жасыл» облигациялар шығарылды

ӘЛЕУМЕТТІК

11%



2020 жылмен салыстырғанда зардап шеккендер санының төмендеуі

4,3%



Еңбек ету қабілетінен айырылудың өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілігін төмендету (LTIFR)

25%



Өндірістік персонал жаалақысының орташа есуі

>2 000



Жұмыс орындары 2021 жылы құрылды

7,1

млрд теңге



Қайырымдылыққа жұмсалды

>500 000



Қамтылған бенефициарлар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ВВ»



Қордың корпоративтік басқару рейтингі (орташадан жоғары)

77%

%

Сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі

4,6

млрд теңге



Сатып алу қорытындысы бойынша отандық бизнеске төленді

4 631



Ұзақ мерзімді шарттар жасалды

150



Жедел желіге жүгінулер расталды және пысықталды

ҚОРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Активтеріміздің құны ел ЖІӨ-сінің шамамен 40%-ымен салыстыруға болатын Қазақстанның ең ірі жұмыс берушісі бола отырып, біз қоршаған ортаға және әлеуметтік ортаға ықпал ететінімізді ұғынамыз, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін экожүйені сақтауға арналған тұрақты дамудың маңыздылығын түсінеміз.

Тұрақты даму – жалқы мақсат емес, бұл бизнесті жүргізуге, операциялық қызмет, инвестициялық жобалар, сатып алулар мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға деген көзқарас.

Біз тұрақты негізде орнықты даму мәселелерін басқару тәсілдерін қайта қараймыз және өзіміздің

басым мақсаттарымызды жаңартып отырамыз. Осылайша біз тұрақты дамудың үш аспектісінің әрқайсысында аса маңызды бағыттарды айқындадық.

Соңғы жылдары әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық тренді инвестициялар саласына да өрістеді. Жақын болашақта институционалды инвесторлар ESG қағидаттарын елемейтін ұйымдарға инвестиция салуды тоқтатады. Осылайша капитал нарықтарындағы қаржыландыру үшін жаһандық күрес аясында экология, әлеуметтік күн тәртібі, корпоративтік басқару сапасы ерекше стратегиялық маңызға ие болады.

E



- Қоршаған ортаға әсер және экожүйелер
- Климаттың өзгеруі және төмен көміртекті экономика
- Ресурстарды тиімді пайдалану

S



- Жұмыс орнындағы амандық пен қауіпсіздік
- Адам капиталы, алуантүрлілік және инклюзивтілік
- Қайырымдылық және демеушілік көмек

G



- Корпоративтік басқару
- Ашықтық, этика және комплаенс
- Бизнес-процестерге ESG интеграция



Тұрақты дамуды басқару құрылымы

Тұрақты даму жүйесін басқару моделі ESG қағидаттарын ұйымның қызметіне және шешім қабылдау процестеріне интеграциялауды қамтиды.

Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттері стратегияны қалыптастыруда және орнықты дамудың басым бағыттарын айқындауда негізгі рөл атқарады. Қор Басқармасы өз кезегінде стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында ESG аспектілерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін тікелей басқару жөніндегі міндеттер Қордың функционалдық құрылымдық бөлімшелері арасында бөлінген, олар өздерінің функционалдық бағыттарына сәйкес мақсаттар қоюға және нақты іс-шараларды іске асыруға жауапты болады.

ESG-дің күн тәртібін іске асыруда тұрақты даму жөніндегі арнайы құрылған комитет маңызды рөл атқарады, оның мақсаты – тұрақты даму саласындағы портфельдік компаниялар қызметінің тиімділігі мен үйлестірілуін арттыру.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Қор қызметінде ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қор өзі үшін мүдделі тараптардың мынадай топтарын айқындайды:

- қоғам;
- инвестициялық қоғамдастық;
- қызметкерлер;
- мердігерлер мен өнім берушілер;
- БАҚ;
- Жалғыз акционер;
- портфельдік компаниялар.

Қор сапалы кері байланысты ұсына отырып, негізгі мүдделі тараптардың топтарымен диалог құрды.

Мүдделі тараптар өздерін толғандырған мәселелерді кездесулер, конференциялар барысында, әлеуметтік сауалнамалар шеңберінде, сондай-ақ Қорға тікелей жүгіну арқылы көтереді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделі тараптар	Өзара әрекеттесу бағыттары	Өзара әрекеттесу нәтижелері
Қоғам Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> әлеуметтік саланы қолдау халыққа есеп беру әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтердің тарифтері өңірлік даму 	<ul style="list-style-type: none"> қайырымдылық және демеушілік көмекті іске асыру қатысу өңірлерінің инфрақұрылымын дамыту қоғамдық тыңдаулар өткізу дөңгелек үстелдер мен қоғамдық талқылаулар өткізу қатысу өңірлерінде қоғамның игілігі мен әл-ауқатын арттыру қатысатын өңірлерде халықтың өмір сүруі үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету 	<ul style="list-style-type: none"> Қордың Қоғамдық кеңесі құрылды қоғамның қатысуымен 30-дан астам брифингтер мен баспасөз конференциялары өткізілді 500 мыңнан астам бенефициарды қамти отырып, жалпы сомасы 7,1 млрд теңгеге 32 қайырымдылық жобасы іске асырылды COVID-19 вакциналарының бір миллион дозасын сатып алу қаржыландырылды, бұл 500 мың адамды вакцинациялауға мүмкіндік берді
Инвестициялық-қауымдас-тық Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> қаржылық және қаржылық емес ақпаратты ашу инвестициялық жобалар жекешелендіру және IPO 	<ul style="list-style-type: none"> ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету есептерді және өзге де жарияланымдарды орналастыру 	<ul style="list-style-type: none"> KASE және Қордың ресми сайтында Қордың 2020 жылға арналған жылдық есебі жарияланды Қордың 8 ірі активтері IPO-ға шығаруға/стратегиялық инвесторларға сатуға жатады 12 актив бәсекелес ортаға басқа тәсілдермен беруге жатады ЖЭК саласында инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар іске асырылуда
Қызметкерлер Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> қауіпсіз еңбек жағдайлары бәсекеге қабілетті жалақы кәсіби өсу сапалы әлеуметтік пакет 	<ul style="list-style-type: none"> қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау қызметкерлердің денсаулығын нығайту қолайлы еңбек жағдайларын жасау әлеуметтік жеңілдіктер пакетін кеңейту қызметкерлердің құзыретін дамыту кадрлық резервті және көшбасшылық әлеуетті дамыту корпоративтік мәдениетті дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> H&S көрсеткіштері 11%-ға жақсарды 2 435 жұмыс орны құрылды өндірістік персоналдың жалақысы 25%-ға артты 30 адам-сағаттан астам оқытылды өндірістік қызметкерлерді тарту индексі 78%-ды құрады 9 портфельдік компаниядағы қызметкерлер ұжымдық шарттармен қамтылған әлеуметтік тұрақтылық индексінің 73%-ын құрады

Мүдделі тараптар	Өзара әрекеттесу бағыттары	Өзара әрекеттесу нәтижелері
Мердігерлер мен өнім берушілер Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> сатып алуды өткізудің ашықтығы кедергілерді азайту 	<ul style="list-style-type: none"> бизнесті, әсіресе жергілікті өндірушілерді, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау сатып алудың ашықтығын арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бизнесті қолжетімділікті кеңейту және кедергілерді жою өнім берушілер мен мердігерлер үшін оқыту семинарлары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру 	<ul style="list-style-type: none"> сатып алу қорытындысы бойынша отандық бизнеске 4,6 трлн теңге төленді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 77%-ды құрады отандық өнім берушілермен 4 391 ұзақ мерзімді шарт жасалды
БАҚ Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> жаңалықтарды жариялау журналистердің сауалдарына жауап беру брифингтер/баспасөз конференцияларын өткізу 	<ul style="list-style-type: none"> дөңгелек үстелдердегі өзекті мәселелер бойынша пікірталастар көпшілік іс-шаралар, форумдар, брифингтер, баспасөз конференциялары жаңалықтарды сайтта және әлеуметтік желілерде жариялау БАҚ жарияланымдарына жауап беретін мәлімдемелер 	<ul style="list-style-type: none"> Қор туралы 2000-нан астам материалдар қазақстандық және шетелдік БАҚ-та жарияланды Қордың қызықты ақпараттарын, жобалары мен бастамаларын ақпараттық сүйемелдеу жүзеге асырылды Sk.kz сайты қайта жасалды
Жалғыз акционер Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> стратегиялық мақсаттарды іске асыру тиімділікті арттыру және ҚТК-ға қол жеткізу халықтың жұмыспен қамтылуына әсері қатысу аймақтарын қолдау 	<ul style="list-style-type: none"> салықтарды төлеу дивидендтерді төлеу мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыруға қатысу заңнаманы жетілдіруге қатысу қажетті ақпаратты ұсыну 	<ul style="list-style-type: none"> 1 167 млрд теңге салық төленді 2021 жылдың қорытындысы бойынша төленетін дивиденд – 170 млрд теңге 250 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу
Портфельдік компаниялар Мүдделері: <ul style="list-style-type: none"> стратегиялық мақсаттарды анықтау ESG саласындағы мақсаттарды анықтау корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру 	<ul style="list-style-type: none"> тиімділікті арттыру ESG қағидаттарын қызметтің барлық аспектілеріне енгізу корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық практиканы енгізу 	<ul style="list-style-type: none"> барлық ПК-лер үшін ESG рейтингтерін алу міндеті қойылды корпоративтік басқару диагностикаланды корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспарлар әзірленді

Маңызды тақырыптар

Есепті жылы Қор Есепте ашып көрсетілетін аса маңызды тақырыптардың тізбесін айқындау жұмысын жүргізді.

GRI көрсеткіштері бойынша ұқсас компаниялардың есептерін талдау нәтижелері бойынша Қордың қызметі үшін 30-ға жуық өзекті маңызды тақырыптарды қамтитын онлайн-сауалнама дайындалды. Сауалнамада ұсынылған барлық тақырыптар үш

топқа бөлінген: экологиялық, әлеуметтік аспект және корпоративтік басқару.

Сауалнама жүргізу барысында Қор компаниялары тобының басшылары тақырыптарды олардың басымдылығы тұрғысынан айқындады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу деңгейінің жоғарылауы осы Есепте көрсетілген әлеуметтік аспектілердің санын арттырды. Бұл Есеп негізінен Қордың компаниялар тобы қызметінің әлеуметтік әсеріне бағытталған.

Маңызды тақырыптар тізімі мыналарды қамтиды:



Экологиялық

- CO₂ тікелей және жанама шығарындылары
- Төмен көміртекті даму
- Энергияны үнемді тұтыну
- Қалдықтарды азайту

Әлеуметтік

- Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік (COVID-19-ды қоса алғанда)
- Халықтың жұмыспен қамтылуына әсері
- Әртүрлілік және инклюзивтілік
- Қызметкерлерді оқыту және көтермелеу
- Қызметкерлерге сыйақы беру және бағалау
- Қайырымдылық қызметі
- Корпоративтік мәдениет

Корпоративтік басқару

- Корпоративтік басқару жүйесі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Парасаттылық және комплаенс
- Ашықтық және ақпаратты ашу
- Әлеуметтік-жауапты сатып алулар
- Басқарушы органдардың, оның ішінде Директорлар кеңесінің гендерлік құрамының тепе-теңдігі

БҰҰ-ның ТДМ бейілділігі

Біз 2015 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған 17 Тұрақты даму мақсатын қолдаймыз, олар кедейлікті жоюға, ғаламшардың ресурстарын сақтауға және жалпы жұрттың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Қордың тобы үшін стратегиялық басымдық ретінде олардың оны таңдап алынды.

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ 	4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ 	5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК 	7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ 	8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ 	10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ 	11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР 	13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС 	17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК

S КОМПОНЕНТІ. ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

Қор тобы Қазақстан Республикасындағы ірі жұмыс берушілердің бірі болып саналады. 2021 жылы Қор тобындағы персоналдың орташа тізімдік саны 250 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде 92%-ы өндірістік қызметкерлер.

Біздің қызметкерлер – компанияның басты құндылығы. Кәсіби және қауіпсіздік деңгейіне Қор қызметінің нәтижелері мен инвесторлар үшін құрылатын құн тәуелді болады. Сондықтан біз есепті әлеуметтік аспектіден бастаймыз және осы бағыттағы негізгі нәтижелерімізді жария етеміз.

Жұмыс орнындағы әл-ауқат және қауіпсіздік

Біз үшін өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсарту мәселелері ең жоғары басымдық болады. Басты құндылық адам өмірі болған және солай болып қала береді.

Біздің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікке деген көзқарасымыз жауапты басшылыққа, «нөлдік жарақаттану» мәдениетіне және тәуекелдерді тиімді басқаруға негізделген.


Біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, өнімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысамыз. Осы мақсатта тұрақты негізде өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту және өндірісте нөлдік шығынға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылады.

Негізгі нәтижелер

2021 жылы H&S талаптарын қатаңдату жөніндегі шаралар есебінен өндірістік жарақаттану деңгейі 11%-ға төмендеді.

Еңбек ету қабілетінен айырған өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілігі 4.3%-ға төмендеді (LTIFR).


2021 жылы Қор тобында зардап шеккен қызметкерлер санының динамикасы



2021 жылдың сәуір айынан бастап ЕҚ және ӨҚ-ның жай-күйімен танысу және анықталған бұзушылықтар бойынша ұсынымдар беру мақсатында өндірістік объектілерге шығу практикасы енгізілді. H&S жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында H&S комитеті құрылды.

Қабылданған шараларға қарамастан, ауыр жазатайым оқиғалар, оның ішінде өліммен аяқталған оқиғалар орын алып отыр.

Жазатайым оқиғалар, оның ішінде өліммен аяқталған оқиғалар санының динамикасы



2021 жылы 14 қызметкердің мерт болуы қабырғамызды қайыстырады. Осы қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің барлығына көңіл айтамыз. Өлімге әкелетін жазатайым оқиғаларға жол жоқ, сондықтан біз алдағы уақытта да осындай жағдайлардың алдын алу жұмыстарын жалғастыра береміз.


Өліммен аяқталған әрбір жағдай бойынша тиісті алдын алу шараларын әзірлеу және қайталанған

жағдайлардың қаупін азайту мақсатында мұқият тергеу жүргізілді.


Жалпы Қор үнемі жазатайым оқиғаларға талдап отырады. Осылайша талдау нәтижелері бойынша зардап шеккендердің 50%-дан астамы көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар жұмысшыларға тиесілі екендігі анықталды. Олардың тоқмейілсінуі жұмысты орындау кезінде босаңсуға әкеліп соқтырды.



Зардап шеккендердің жасы



Зардап шеккендердің атқарып отырған лауазымындағы жұмыс өтілі



Өндірістік жұмыстардың түрі бойынша жазатайым оқиғалар



Оқиғалар түрі бойынша жазатайым оқиғалар



Жазатайым оқиғалардың негізгі себебі тозған жабдықты пайдалану және жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың жеткіліксіздігінен болды.

Тағы бір себеп қызметкерлердің өздері ережелерді, стандарттарды, пайдалану нормаларын және нұсқаулықтарды бұзғанынан, бұл жазатайым оқиғаларға, мысалы, экстремалды температураның әсеріне байланысты.

Болашақ жоспарлар

Біз HSE жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыру үшін келесі мақсаттарды анықтадық:

- жарақаттар мен аурулардың, оның ішінде өлім-жітімнің ауыр жазатайым оқиғаларын болдырмау;
- аса қауіпті зардаптары бар өндірістегі оқиғаларды болдырмау;
- үздік салалық әлемдік тәжірибені енгізу.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды іске асыру жоспарланып отыр.

1. HSE-де оқыту, оның ішінде:

- «NEBOSH HSE Certificate in Health and Safety Leadership Excellence» бағдарламалары бойынша желілік менеджерлерді, HSE үшін жауапты қызметкерлерді, «Қауіпсіз жүргізу» (defensive driving), «Leadership Accountability» (CEO және CEO-1 өндірістік компания), «Incident Injury Free» оқытуды ұйымдастыру. Мәселен, ҚТЖ-да 305 адамды NEBOSH/IOSH курстарынан, 212 жүргізушіні «Қорғаныстық жүргізу» курсынан өткізу жоспарланып отыр;
- Қор мен ПК менеджментінің біліктілігін арттыруға бағытталған HSE саласындағы корпоративтік оқыту бағдарламасы мен электрондық курсты іске қосу.

2. Әрі қарай диагностикалау және жергілікті жерлерге шығу:

- ЕҚ және ӨҚ секторы мен салалық департаменттер қызметкерлерінің ЕҚ және ӨҚ-нің жай-күйімен танысу және анықталған бұзушылықтар бойынша ұсынымдар беру мақсатында өндірістік объектілерге шығу;
- жергілікті жерлерде Өндірістік кеңестердің жұмысын күшейту.

3. Озық халықаралық компаниялармен тәжірибе алмасу:

- одан әрі қолдану мақсатында үздік тәжірибелерді зерделеу бойынша көшбасшы компаниялармен (мысалы, ТШО, ҚПО, НКОК) тәжірибе алмасу;

- ESG және HSE бойынша форумдар өткізу.

Сонымен қатар HSE мәселелері бойынша бірінші басшылардың жауапкершілігін күшейту мақсатында 2022 жылды Қордың компаниялар тобында «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» деп жариялау туралы шешім қабылданды.

COVID-19 таралуының алдын алу


2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша қызметкерлердің 86%-ы екпе алды, нәтижесінде өндірістік объектілердің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді. Пандемия кезінде барлық қызметкерлерге жа-лақыны уақтылы төлей отырып, жұмыс орындары сақталды.

2021 жылы Қор тобының қызметкерлері арасында COVID-19-ды жұқтырудың 13 860 жағдайы анықталды, оның ішінде 69-ы қайтыс болды (COVID-19 және пневмонияны ескере отырып). Бұл ретте 2020 жылмен салыстырғанда өлім жағдайларының 60%-ға төмендегені байқалады (қызметкерлер арасында 173 өлім-жітім тіркелген).

Қор тобының компаниялары өндірістік объектілер мен кеңселерде дезинфекциялау бойынша міндетті әлеуметтік қашықтықты және санитариялық-эпидемиологиялық рәсімдерді қатаң ұстанып, әкімшілік персоналды сол немесе өзге болатын өңірдегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты қашықтан жұмыс істеу режиміне жаппай көшірді.

Біз КВИ-ді таратпау жөніндегі барлық алдын алу шараларын сақтап, жұмыскерлерді бустерлік вакцинациялауды және ревакцинациялауды жүргіздік.

Қор тобының қызметкерлерін вакцинациямен қамту



ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАР БАР ӨҢІРЛЕРДЕ ЫҚТИМАЛ ШЕКТЕУЛЕРГЕ СӘЙКЕС КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРДЫ ОДАН ӘРІ САҚТАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.






Адами капитал, әртүрлілік және инклюзивтілік

Біз жұмыс орнында тең мүмкіндіктер мен инклюзивтілікті қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа аламыз. Мысалы, гендерлік айырмашылықтарға байланысты базалық жалақы мен сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар жоқ.

Біз қызметкерлерді ынталандыру мен жұмыстан кетпеуін, оқыту мен біліктілікті арттырудың тиімді жүйесін құруды, тәлімгерлік институтын іске асыруды, жас кадрларды тартуды және олардың кәсіби өсуіне жәрдемдесуді қамтитын адами ресурстармен жұмыс жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асырып жатырмыз.


2019–2021 жылдар аралығында Қор тобы бойынша қызметкерлер санының динамикасы және қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті




■ Қор тобы бойынша қызметкерлер саны, мың адам
■ Қор тобы бойынша қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті, %

Жыл сайын біз бос құрамдағы бөлімшелерді бағдарлап отырамыз, функционалдың қайталануын немесе біздің компаниялар үшін қосымша құн әкелмейтін «артық» басқару деңгейлерін анықтаймыз. Осыған байланысты біз жалақыны көбейту және бағалы қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында жыл сайын штатымыздың санын оңтайландырып отырамыз.

Қызметкерлер жынысы бойынша бөліністе, %



Есепті кезеңде Қордың тобы бойынша жасына қарай бөлу, %



Қордың жекелеген портфельдік компанияларының өндірістік қызметінің ерекшелігіне байланысты қызметкерлер арасындағы ерлер үлесінің басым бөлігі дәстүрлі түрде есептеледі. Осылайша Қор компаниялары тобы бойынша әйелдердің үлесі 27%-дан асады, оның ішінде 33%-ы басшылық лауазымдарда.

Қызметкерлердің орташа жасы, өз кезегінде адам ресурстарын басқарудың теңгерімді тәсілін көрсетеді.


Біз қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйін тұрақты негізде жақсарту бойынша жүйелі шаралар қабылдаймыз. Қор компаниялары тобында әлеуметтік-еңбек тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында келесі шаралар қабылданды:

- әлеуметтік тұрақтылық мәселелері жөніндегі жедел штаб құрылды;
- еңбек ұжымдарында әлеуметтік шиеленістің туындауының алғышарттары немесе фактілері туралы жедел деректерді жинау мен талдауды 24/7 режимінде жүзеге асыратын Әлеуметтік тұрақтылықты мониторингтеу орталығы іске қосылды;
- Қор жанында әлеуметтік тұрақтылықтың интерактивті картасы жұмыс істейді, ол арқылы нақты уақыт режимінде компаниялар тобының кәсіпорындарындағы жағдай қадағаланады.

Қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйін анықтау үшін жыл сайын зерттеу жүргізілді. Кездейсоқ іріктеу әдісімен 12 портфельдік компанияда 26 596 адам сұралды. Зерттеу қорытындысы бойынша әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 73%-ды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 5 тармаққа төмендеді. Төмендеу елдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты.

Осы бағыт шеңберінде Қордың CEO-1 өндірістік портфельдік компанияларымен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша көшпелі кеңес-

Есепті кезеңде Қордың тобы бойынша жас және гендерлік бөлу, мың адам




тер өткізілді. Қорытындысында әлеуметтік әл-ауқат деңгейін тұрақтандыру бойынша ұзақ мерзімді шаралар әзірленді.

Өндірістік персоналды тарту индексі 78%-ды құрады.

Жалпы қызметкерлердің көпшілігінің бағалауы бойынша біз қызметкерлерді барлық қажетті еңбек жағдайларымен және қауіпсіздікпен тіпті карантин кезінде де қамтамасыз еттік.

Қор тобының өндірістік және әкімшілік-басқару персоналының тартылуы, %



Кадрларды кәсіби дамыту


Біз қызметкерлеріміздің зияткерлік, кәсіби және шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдай жасаймыз.

2021 жылы hard және soft skills, сондай-ақ сапалы оқыту мүмкіндігі (бір қызметкерге 30 сағат) арқылы біздің қызметкерлеріміздің цифрлық дағдылары күшейтілді, оның ішінде:

- 250 қызметкердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзырет деңгейі айтарлықтай артты;
- қазақ және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін тұрақты арттыру мүмкіндігі берілген;
- 110 қызметкер үшін ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құзырет күшейтілді;

- ҚТЖ-ның кадрлық резервін дамыту үшін «ҚТЖ – 100 жас тұлға» аясында 100 жас маман оқытылды;
- мамандандырылған тренингтер мен оқытулар арқылы басшы қызметкерлердің басқарушылық дағдылары күшейтілді.

Қор тобының қызметкерлерін оқыту және дамыту бойынша көрсеткіштер, адам-сағат



Сыйақы және бағалау


2021 жылы орташа жалақы 348 000 теңгені құрады, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 40%-ға жоғары. Бұл ретте өндірістік персоналдың орташа жалақысы 25%-ға артты.

Жалпы ынталандыру жүйесі біздің қызметкерлеріміздің сыйақысының олардың жұмыс нәтижелеріне нақты тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Лауазымдарды бағалау үшін біз грейдирлеу жүйесін пайдаланамыз. Лауазымдарды бағалаудың бірыңғай тәсілі компаниялар арасындағы лауазымдарды объективті салыстыруға, елдегі, өңірдегі және жаһандық деңгейдегі мамандардың жалақысын салыстыруға мүмкіндік береді.



Әлеуметтік салықты және аударымдарды қоса алғанда, жалақыға арналған шығыстар, мың тг



Тиімді жұмыс істеу, жоғары білікті кадрларды тарту және тұрақтауы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында Қор тобының барлық қызметкерлері үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.



2021 жылдың қорытындысында Қор тобы бойынша 180 млн теңгеден астам сомаға әлеуметтік жәрдемақы төленді.

Әлеуметтік қолдаудың келесі түрлері көрсетілді:

- сауықтыруға арналған материалдық көмек;
- жүктілігі және босануы бойынша демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу;
- өтемақы төлемдері;
- медициналық сақтандыру бағдарламасы;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- фитнес-клубқа баруға абонементтерді қаржыландыру.

Жыл сайынғы негізде ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру шарты жасалады.

Қызметкерлерді іздеу және іріктеу

Біз еңбек нарығында кәсіби кандидаттарды айқын және ашық тәсілмен тартуға ұмтыламыз. Қордың бос орындарына тағайындау меритократия қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Біліктілік деңгейі, кәсіби, іскерлік және жеке құзыреттері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келетін кандидаттар іріктеледі. Қордың жобаларын іске асыру нәтижесінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2000-нан астам жұмыс орны құрылды.

Кадрларды іріктеу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Samruk Qyzmet бірыңғай цифрлық платформасы жетілдірілді, онда 2021 жылдың басынан бастап 51 383 жаңа ізденуші тіркеліп, 5 669 бос жұмыс орны жарияланды.

Корпоративтік мәдениетті дамыту

Қордың барлық деңгейдегі табыстылығының негізін қалаушы фактор – кәсіби және мақсатқа ұмтылған қызметкерлерді біріктіретін корпоративтік мәдениет.

Корпоративтік мәдениетті дамыту аясында «Жас Өркен» шеңберінде 80-нен астам компаниядан 200-ден астам тәлімгер жұмыс істейді.

«Цифрлық жаз – 2021» бағдарламасы бойынша 5 868 өтінім келіп түсті, оның қорытындысы бойынша 45 студент Қор компаниялары тобында тағылымдамдан өтті, 5 студент жұмысқа орналасты.

Өндірістік мамандықтарды дәріптеу мақсатында «Үздік маман» конкурсы өткізілді.

Қайырымдылық көмек және демеушілік

2021 жылдың қорытындысы бойынша қайырымдылық көмек шеңберінде 500 мыңнан астам бенефициар қамтылып, жалпы сомасы 7,1 млрд теңгеге 32 жоба іске асырылды.

Қайырымдылық көмек құрылымындағы негізгі үлесті әлеуметтік және медициналық секторларда іске асырылған қайырымдылық жобалары құрады – қайырымдылықтың жалпы сомасының 39%-ы. Бұл, ең алдымен, балалардың милық салдануы (БМС) диагнозы және нейро-ортопедиялық бұзылулары бар балаларға арналған оңалту орталықтарын құруда Қордың қолдауына байланысты.

Тұтастай алғанда, жобаларды іске асыру кезінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және жобаларды іске асыру кезінде тиімділікті арттыруға баса назар аударылды.

Әлеуметтік және медициналық секторларда жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге 12 жоба іске асырылды. Мәселен:

- еліміздің 8 өңірінде 8 оңалту орталығы және 2 ерте араласу орталығы заманауи жабдықтармен және мүкәммалмен жабдықталған;
- Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларындағы 3 оңалту орталығында халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1360 нейро-ортопедиялық бұзушылықтары бар балаларға арналған оңалту курстары ұйымдастырылды;



- көпфункционалды Солтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасы жабдықтармен жарақтандырылған, онда жыл сайын 600-ден астам бала тегін негізде медициналық оңалту қызметтерімен қамтамасыз етіледі;
- 158 отбасына Шетелде емделуге квота алу бойынша консультациялар берілді, Қазақстанда емделмейтін ауыр сырқаты бар 149 балаға қаржылық көмек көрсетілді. Қорытындысы бойынша 25 квота алынды;
- балаларды отбасына орналастырудың барлық кезеңдерінде туындайтын проблемалық мәселелер бойынша 497 консультация көрсетілді, кейіннен теледидарда трансляциялай отырып,



56 «Дегелек күні» телевизиялық бағдарламасы шығарылды;

- аутистік спектрдің аурулары (РАС) бар өсіп келе жатқан балалары бар 260 отбасына консультациялар берілді, АСА-мен ауыратын 60 бала мамандардың тұрақты көмегін алады;
- еліміздің 35 қаласы мен ауданында 6 697 волонтерлік рейд ұйымдастырылды, оның шеңберінде



- Екінші дүниежүзілік соғыстың 2 153 ардагері мен тыл еңбеккеріне волонтерлік көмек көрсетілді;
- 1 287 белсендіні қамти отырып, 176 іс-шара, өңірлердегі ардагерлер кеңестерінің бастауыш ұйымдар төрағаларымен 12 семинар өткізілді, «Дәнекер» жобасы шеңберінде ардагерлердің қатысуымен 3 091 татуласу рәсімі жүзеге асырылды;
- еліміздің 5 облысында 111 мұнайшы ардагерге атаулы қайырымдылық көмек көрсетілді.

Адами әлеуетті дамыту шеңберінде жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеге 16 жоба іске асырылды:

- Нұр-Сұлтан қаласының 6 аула клубтарының білім беру, спорттық, музыкалық және шығармашылық үйірмелерінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан 3 123 бала мен жасөспірім үшін бос уақытты көңілді өткізу және оқыту ұйымдас-тырылды, Нұр-Сұлтан қаласында 176 бала қатысатын жастар коворкинг орталығы ашылды;
- Нұр-Сұлтан, Алматы және Теміртау қалаларындағы балалар ауылдары базасында балаларды қолдау орталықтарында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетілді. Асырап алған балалары бар 82

- отбасына және өмірлік қиын жағдайға тап болған балалары бар отбасыларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 61 балаға биологиялық туыстарымен қарым-қатынасты қалпына келтіру бойынша көмек көрсетілді, ата-ананы алмастырушы 162 кандидат оқытылды;
- 26 психолог оқытылды, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына тұрмыстық, сексуалдық зорлық-зомбылық, репродуктивті денсаулық, отбасындағы/құрдастарымен қарым-қатынас, суицидтік мінез-құлық, тәуелділіктің барлық түрлері және т.б. мәселелер бойынша 15 174 консультация берілді;
- еліміздің білім беру мектептерінің 150 мұғалімі арасында конкурс өткізілді, Қазақстаннан Global Teacher Prize 2022 жаһандық сыйлығына ұсынылған 10 жеңімпаз анықталды, еліміздің ауыл мектептері мұғалімдерінің бастамаларын іске асыру үшін 30 шағын грант берілді;



- soft skills курсы бойынша (Мобилография, Скетчинг, Scratch!, STEAM) ерекше білім беру қажеттіліктері бар 62 жасөспірім үшін 6 тренинг және ата-аналары үшін 1 тренинг өткізілді.

Әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қор тобы қатысатын өңірлерде жалпы сомасы 1,7 млрд теңгеге 4 жоба іске асырылды. Жобалар салауатты өмір салтын насихаттау және қолжетімді спорт инфрақұрылымын құру саласында іске асырылды. Мәселен:

- еліміздің 6 өңірінде ауа тірек ғимараттары базасында 6 көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы басталды;
- Жамбыл облысы Тараз қаласында ауданы 1 300 м² әмбебап спорт алаңы орнатылды.


Е КОМПОНЕНТІ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Бүгінгі таңда халықаралық қауымдастық экологиялық және климаттық күн тәртібінің маңыздылығын толық түсінді, бұл ойлау парадигмасын өзгертті. Үкімет басшылары мен бизнес-қоғамдастық өкілдері қоршаған ортаға әсерді азайту қажеттігін зерделеп, сындарлы шешімдер іздеуге ұмтылады. Сондай-ақ инвесторлар экологиялық тәуекелдер компаниялардың ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен құнына әсер ететін инвестициялық тәуекелдерге айналатынына көз жеткізді.

Бүкіл әлем бойынша үкіметтер мен ірі трансұлттық компаниялар, соның ішінде энергетикалық және мұнай компаниялары көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсаттарын мәлімдеді, халықаралық қаржы ұйымдары көмір өндірісін қаржыландырудан толығымен бас тартып жатыр.

Жаһандық, ұлттық және корпоративтік деңгейлердегі энергетикалық саясат энергияға көшу жылдамдығына үлкен әсер етеді. Технологиялардың жаппай дамуы компаниялардың операциялық қызметінде неғұрлым экологиялық шешімдерді енгізуге алып келеді. Мұның бәрі мінез-құлықтың өзгеруіне

Негізгі ластаушы заттардың жалпы шығарындылары және компаниялар бойынша бөліністе (NOx, SOx, қатты зат.)



байланысты және COVID-19 пандемиясы «жасыл» экономикаға көшу процестерін жеделдетті.

Қордың экологиялық салауаттылық саласындағы басты бағыты ластаушы заттар шығарындыларын азайтуға, көміртегі ізін азайтуға және ресурстарды ұқыпты пайдалануға бағытталған.

Стратегиялық мақсат – Қордың көміртегі ізін (1-қамту және 2-қамту) базалық 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай 10%-ға төмендету. Қор 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу энергия мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдікке негізделеді.

Қоршаған орта мен экожүйеге әсері

Қор компаниялары тобының өндірістік қызметі қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және биоәртүрлілікті сақтауға бағытталған. 2021 жылы экологиялық іс-шараларды іске асыру қоршаған ортаға әсер ету бөлігіндегі көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік берді. Қалдықтарды, оның ішінде тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар орындалып жатыр.

Ластаушы заттардың шығарындылары

Қордың компаниялар тобы бойынша негізгі ластаушы заттардың шығарындылары компаниялардың өндірістік көрсеткіштерінің ұлғаюына байланысты өсіп келеді. Осылайша 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-да сұраныстың едәуір артуына байланысты компанияның бүкіл жұмыс істеу кезеңінде электр энергиясын өндірудің ең жоғары көлеміне қол жеткізілді.

Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері I санаттағы отын станциялары. Азот оксидтері, күкірт оксидтері, көміртек оксиді, шаң (күл) жылу электр станцияларына тән маркерлік ластаушы заттар болып келеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да өндірілетін электр энергиясының бірлігіне келетін ластаушы заттардың көлемі жыл сайын төмендеп келеді. 2021 жылы ескі жабдықтарды демонтаждау, жаңа технологиялық жабдықтарды орнату, атап айтқанда, ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ірі жылу электр станцияларында орнату жөніндегі іс-шараларды іске асыруға байланысты төмендеу іс жүзінде 10%-ды құрады.


Қалдықтарды басқару

Қалдықтарды кәдеге жарату проблемасы жаһандық және ұлттық деңгейде өзекті болып қалуда.

Қор компаниялары тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда. Өндірістік объектілерде айналыстағы барлық қалдықтарды, оның ішінде мердігерлік ұйымдардың қалдықтарын тұрақты есепке алу және бақылау жүзеге асырылады, олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, жыл сайын жаңадан түзілген, жинақталған және тарихи қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар қаржыландырылады.

Қор компаниялары қалдықтармен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының экология, санитария-эпидемиология талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қауіпті қалдықтарды барлық тасымалдау ел аумағында автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қордың компаниялар тобы бойынша қалдықтардың динамикасы, млн тонна




Өндірістік процесте қалдықтарды барынша пайдалану есебінен қалдықтардың жалпы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 9%-ға төмендеді. Қалдықтардың 90%-дан астамы кәдеге жаратылды.

Портфельдік компанияларда арнайы жабдықталған орындарда бөлек жинау және уақытша сақтау бойынша талаптар әзірленді, қалдықтарды азайту және қайта өңдеу жөніндегі бастамаларға хабардарлықты және қатысуды арттыру бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Бұдан басқа келісімшарттық аумақтарға түгендеу жүргізілді, оның шеңберінде қалдықтардың сипаттамалары, қалдықтардағы мұнай өнімдерінің құрамы және олардың көлемі айқындалды. Мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтірудің тиісті жобалары әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісілді.



2019 жылдан 2021 жылға дейінгі айыппұлдар



Қор компанияларының тобы бойынша айналыстағы қалдықтардың жалпы массасы 2021 жылы 89 млн тоннаны құрады, оның ішінде «қауіпті» деп жіктелген қалдықтар – 72%, ал «қауіпсіз» қалдықтар – тиісінше 28%. Қалдықтардың негізгі үлесін бұрғылау және күл-қоқыс қалдықтары құрайды.

Мысалы, 2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның объектілерінде 540 мың тонна тарихи қалдықтар кәдеге жаратылды, оларды орналастыру орындарының учаскелері қайта құнарландырылды.

«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-да өз кезегінде қайта өңдеу және қайта пайдалану үшін 108 тонна қалдық сатылды. Есепті жылы берілгені:

- макулатура – 47,2 тонна;
- пластика – 9,3 тонна;
- шыны – 6,8 тонна;
- пайдаланылған аккумулятор батареялары – 33,2 тонна;
- пайдаланылған кеңсе техникасы – 3,6 тонна;
- пайдаланылған автомобиль шиналары – 7,6 тонна.

Қалдықтардың 50%-дан астамы шарт бойынша мамандандырылған компанияларға өңдеуге беріледі, қалдықтардың 20%-дан астамы биологиялық әдістермен қайта өңделген. Қалдықтармен жұмыс істеудің басқа да маңызды тәсілдері – қайта өңдеу, полигонға орналастыру және қайта пайдалану.

Экологиялық заңнама талаптарына сәйкестігі

Жаһандық трендтер қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған көміртекті реттеуді қатаңдатуды талап етеді. Жаңа экологиялық кодекстің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енуі, сондай-ақ экология мәселелері бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жаңартылуы «қоңыр» өндірістер үшін айыппұл төлеу тәуекелдеріне әкеп соғады.

Біз өзіміздің өндірістік қызметімізді Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында жүргізуге және қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдауға ұмтыламыз.



Қордың компаниялар тобы бойынша экологиялық талаптарды сақтамағаны үшін салынған айыппұлдар 769 млн теңгені құрап, 2020 жылдың осындай мәнінен 420 млн теңгеге асып түсті. Топ бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған айыппұлдар мен өзге де санкциялар мөлшерінің (91%) елеулі үлесі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға тиесілі. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны, сондай-ақ қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптарды бұзғаны үшін айыппұлдар салынды.

Біз өндірістік объектілердегі сәйкессіздіктерді және болашақта ұқсас жағдайларды анықтау бойынша жұмысты жалғастырамыз.


Климаттың өзгеруі және төмен көміртекті экономика

Біз жаһандық қоғамның климаттың өзгеруіне қатысты алаңдаушылығын жете түсінеміз және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, баламалы энергия көздеріне көшу және көміртегі отынын жағудан біртіндеп бас тарту бойынша жаһандық талпыныстарды қолдаймыз.

Жүйелі және теңгерімді тәсіл кезінде энергияға көшу портфелімізді әртараптандыруды және жаңа индус-


CO₂ тікелей шығарындылары

Қор тобы бойынша CO₂ тікелей шығарындылары, млн тонна



CO₂ шығарындылары

CO₂ шығарындыларының құрылымы (SCOPE1 және SCOPE2)



- «Самұрық-Энерго» АҚ
- «Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
- Басқа ПК

Қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Алматы ЖЭО-ны газға ауыстыруға бастамашы болды. 2021 жылдың қараша айында Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы ЖЭО-2-ні көшіру жобасы бастау алды. Кейіннен Алматы ЖЭО-3-ті ауыстыру және 2017 жылы газға көшірілген Алматы ЖЭО-1-дің қуатын кеңейту жоспарлануда. Алматы ЖЭО-2-ні газға ауыстыру станциядағы парниктік газдар шығарындыларын 32%-ға – 2020 жылғы 3,7 млн тоннадан 2027 жылға қарай жылына 2,5 млн тоннаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қор компанияларында ІМГ-ні кәдеге жарату көлемі 2021 жылы 98%-ды құрады, ал жалындатып жағудан шыққан шығарындылар көлемі – көмірсутектерді өндірудің мың тоннасына шамамен 2,2 т CO₂ эквиваленті (бұл 2019 жылға қарағанда 24%-ға төмен және Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының деректеріне сәйкес сала бойынша орташа әлемдік көрсеткіштен 79%-ға төмен). Қордың еншілес кәсіпорындары түрлі жобаларды іске асыру есебінен жалындатып жағуды айтарлықтай қысқарта алды. Атап айтқанда, ЕМГ-ға күкіртті сутекті жою жүйесі енгізілгеннен кейін кәдеге жарату көлемі 93%-ды құрайды, ал ММГ Қаламқас кен орнындағы газдың 99%-ын өз қажеттіліктері үшін отын ретінде, оның ішінде Қаламқас ГТЭС-те кәдеге жаратады.

Технологиялық процестер бойынша Қор тобының CO₂ тікелей шығарындылары

Технологиялық процестер	CO ₂ шығарындылары, мың тонна	Үлес, %
Отынды жағу, барлығы	45 005	96%
Электр және жылу энергиясын өндіру	33 478	72%
Көлік, оның ішінде	2 898	6
авиа	609	
темір жол	2 203	
автокөлік	83	
теңіз	2	
Мұнай және газ тасымалдау	2 690	6
Пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу	5 915,2	13
Басқасы	17	0
Өнеркәсіптік процестер, барлығы	1 694	4
Жиыны	46 699	100

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да автокөлік құралдарын газмоторлы отынға, оның ішінде сығылған табиғи газға ауыстыру жүзеге асырылады. Өз кезегінде «Қазақтелеком» АҚ-да 2021 жылдың соңында газға ауыстырылған автомобильдердің саны автопарктің 30%-дан астамын құрайды.

2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Shell компаниясымен көміртекті ұстау, кәдеге жарату және сақтау технологияларын дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қазіргі уақытта Қордың портфельдік компаниялары КҮС технологияларын қолдану мүмкіндіктерін қарастыруда.

Қор Smart Grid технологиясының кейбір элементтерін іске асыра бастады. Мәселен, «KEGOC» АҚ-да WAMS/WACS синхροфазорлық технологиялар негізінде мониторинг және бақылау жүйесі енгізіліп жатыр, бұл нақты уақыт режимінде басқару есебінен желінің өткізу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді. Қордың жоспарларында Smart Metering (зияткерлік есептегіш) тұжырымдамасын әзірлеу және енгізу арқылы энергия ресурстарын есепке алудың кешенді жүйесін дамытуды қамтитын зияткерлік желілерді дамыту жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру бар, бұл нақты уақыт режимінде энергия ресурстарын тұтынуды бақылауға және

қашықтан басқаруға, аналитиканы дамытуға және үлкен деректерді басқаруға және ЖЭК-ті интеграциялау үшін энергия сақтау жүйелерін қолдану мүмкіндігі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

«Жасыл» экономика саласындағы жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды одан әрі тарту мақсатында АХҚО қор биржасында жылдық 11,4% купондық мөлшерлеменен 18,4 млрд теңге мөлшерінде және айналым мерзімі 6,5 жыл жасыл облигациялар орналастырылды.

Біз елдің нормативтік заңнамалық базасын жаңартуға белсенді қатысамыз, шығарындыларды қысқарту бойынша стратегиялық бастамаларды іске асыруда тиімділікті арттыру мақсатында білім мен дағдыларды жетілдіреміз.

Бұдан басқа біз көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша Қордың пайымы мен мақсаттарын айқындайтын төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеуге кірістік.

Қор тобы бойынша CO₂ негізгі эмитенттері – «Самұрық-Энерго» АҚ (70%) және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (17%), олардың қызметі отынның қазбалы түрлеріне шоғырланған. Қалған ПК үшін ластану көзі (13%) өзінің өндірістік және операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін «қоңыр» энергия көздерін пайдалану болып келеді.

2019–2021 жылдар кезеңінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік көрсеткіштерінің ұлғаюына байланысты CO₂ шығарындылары деңгейінің өскені байқалады. Тікелей шығарындылар құрылымында (1-қамту) мынадай өндірістік процестер басым:

- электр және жылу энергиясын генерациялау үшін отынның қазбалы түрлерін (көмір, газ, мазут) стационарлық жағу (қазандар, пештер, газомотокомпрессорлар, электр энергиясының генераторлары);
- технологиялық жабдықта отынды жағу (пештер, жылытқыштар, газомотокомпрессорлар, газ дайындау қондырғылары, бұрғылау қондырғылары, тау-кен машиналары);
- көлік шығарындылары (ұшақтардың қозғалтқыштары, іштен жану қозғалтқыштары, тепловоздардың тарту мұқтаждары);



- ұшпа шығарындылар (жабдықтың кемуі, буланудан, желдетуден болатын ысыраптар) және жалындатып газды жағу;
- көмірді өндіру кезінде көмірді ұнтақтау процестеріндегі шығарындылар, сыртқы жыныс үйінділерінде ішкі аршуды қоймалау кезінде көміртектің төмен температуралы тотығу реакцияларынан туындаған эндогенді өрттер нәтижесінде шығарындылар.



Ресурстарды тиімді пайдалану

Қордың портфельдік компаниялары энергияны көп қажет ететін технологиялары бар көптеген өндірістік кәсіпорындар бола отырып, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады.

Мысалы, «Самұрық-Энерго» АҚ-да 2015–2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлау және жүзеге асыру үшін негіз қалаушы құжат болады. Осы бағдарламаның мақсаты – отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды және экономикалық тұрғыдан орынды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу.

Қордың портфельдік компаниялары энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша де-

ректтерді жинап, оны талдайды, прогресті қадағалайды және жақсарту мүмкіндіктерін сәйкестендіреді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 50-ден астам іс-шараны іске асыру арқылы 6 млн кВт электр энергиясы үнемделді.

Энергия ресурстарын тұтынуды оңтайландыру мақсатында барлық өндірістік ПК-де ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартын басқару процестері енгізілген.

Кәсіпорындардың 90%-ы жарықтандыру шамдарын жарықдиодты шамдарға алмастырды.



Арнайы оқыту бағдарламалары мен тренингтер өткізу арқылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметкерлердің құзыреті арттырылды.

ОЭР-ді тұтыну



Қор компаниялары қызметінің ерекшеліктеріне байланысты энергия ресурстарын ең көп тұтыну (61%) «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі – жылына шамамен 12,7 млн ш.о.т. Тұтынудың негізін электр және жылу энергиясын өндіру үшін тұтыну жылына 20,6 млн тоннадан асатын «Богатырь» разрезінің көмірі құрайды.

Қордың компаниялар тобы бойынша энергетикалық ресурстарды тұтыну құрылымында тас көмір шамамен 60%-ды, табиғи газ – 16%-ды, сұйық отын – 10%-ды, сыртқы көздерден электр энергиясы – 7%-ды, ілеспе мұнай газы (ІМГ) – 4%-ды құрайды.

2021 жылы Қор компаниялары бөлінісінде энергия ресурстарын тұтыну, ш.о.т., жылына



2021 жылы Қор тобы бойынша CO₂ шығарындыларының құрылымы, мың тонна



CO₂ жанама шығарындылары

Біз ақпаратты ашудың толықтығын арттыру және жанама шығарындылар бойынша есептілік салала-рын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс істейміз.

Электр энергиясы мен жылуды тұтыну тұрғысынан неғұрлым энергияны көп қажет ететін ҚазМұнайГаз (жанама шығарындылардың 30%-ы) және Қазақстан темір жолы (30%) өндірістері. KEGOC-тің электр энергиясын сатып алу шығындарды өтеумен байланысты.

G КОМПОНЕНТІ. БАСҚАРУ АСПЕКТІСІ

Корпоративтік басқару

Біз корпоративтік басқаруды портфельді тиімді басқаруды қамтамасыз етудің, сондай-ақ активтердің ұзақ мерзімді құнын арттырудың негізгі қаржылық емес факторларының бірі ретінде қарастырамыз. Қорда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпоративтік басқарудың тиімді және ашық жүйесі жұмыс істейді.

Біз Қордың Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттарын сақтаймыз, сол арқылы акционерлер мен инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеміз.

Біз корпоративтік басқарудың халықаралық үрдістеріндегі, ұлттық заңнамадағы негізгі өзгерістерді тұрақты негізде қадағалап отырамыз және қызметімізде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгіземіз. Квазимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару саласында танылған халықаралық стандарт ретінде Қор мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Басшылық қағидаттарын қолданады.

2021 жылы Қор мен портфельдік компаниялардың корпоративтік басқаруына тәуелсіз диагностика жүргізілді. Диагностика қорытындысы бойынша Қордың рейтингі «BB» деңгейінде – орташадан жоғары бағаланды. Бұдан басқа LSE және AIX листингінің талаптарына сәйкес корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша практикалық құралдар енгізілді.

2022 жылы шешімдер қабылдау процестерінің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қордың корпоративтік басқару кодексінің ережелерін күшейту жоспарланған. Жаңа ережелер Директорлар кеңестері құрамының тәуелсіздік пайызын арттыруды, тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі аудит

және комплаенс жүйесін күшейтуді, Директорлар кеңестерінің сабақтастығын жоспарлауды, ESG-мақсаттарды интеграциялауды, гендерлік теңгерім мәселелерін қамтиды.

Жария есептілікте ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін күшейту мақсатында Қор ақпаратты ашу бойынша жаңа стандарттарды енгізеді. Бұдан басқа Қор Қазақстан Республикасының бизнес ортасында ESG-қағидаттарды енгізуді ілгерілету үшін ESG-қағидаттарға мердігерлерге, өнім берушілерге және инвестициялық әріптестерге қойылатын талаптарды таратуды жоспарлап отыр.

Басқару органының және оның комитеттерінің құрамы

Қордың директорлар Кеңесіндегі тәуелсіздіктің үлесі 50%-ды құрайды, бұл озық халықаралық тәжірибелерге сәйкес келеді. Сонымен қатар тәуелсіз директор Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы болады.

Қордың портфельдік компанияларында тәуелсіз директорлардың үлесі 30%-дан 50%-ға дейін құрайды, бұл акционерлер мен компания басшылығы арасында сындарлы диалог орнатуға ықпал етеді.

Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде акционерлердің және басқа да негізгі мүдделі тараптардың мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімінің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің тұрақты даму саласында, атап айтқанда, экология, әлеуметтік күн тәртібі және сапалы корпоративтік басқару мәселелерінде қажетті тәжірибесі бар.

Осы Есеп дайын болған күні Директорлар кеңесінің құрамы мынадай құрамда ұсынылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Джон Дудас
Директорлар кеңесінің төрағасы,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Витватерсранд университеті (OAP) – тау-кен ісі бакалавры;
- Витватерсранд университеті (OAP) – тау-кен металлургиясы бойынша магистр;
- Хериот-Уотт университеті – (Ұлы-британия) – MBA дәрежесі.

Еңбек жолы:

Джон Дудас өзінің еңбек жолын 1984 жылы Rand Mines Ltd компаниясында бастады, шикізатты басқару бойынша түрлі басшылық қызметтерді атқарды, BHP Billiton және Gencor Ltd сияқты компанияларда жұмыс істеді, онда ол алюминий дивизионының бас директоры болды.



Сүлейменов Тимур Мұратұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары

Білімі:

- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – әлеуметтік саладағы экономика және менеджмент;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – құқықтану;
- Мэриленд университеті (АҚШ) – «Қаржы» мамандығы бойынша бизнес магистрі.

Еңбек жолы:

2009 жылдан 2010 жылға дейін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі болды. 2010 жылдан 2012 жылға дейін ҚР Экономикалық даму және сауда вице-министрі қызметін атқарды. 2012-2016 жылдары Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (министр) болды. 2016 жылдан 2019 жылға дейін ҚР Ұлттық экономика министрі қызметін атқарды. 2019 жылғы ақпан-наурыз аралығында ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары болды. 2019 жылғы наурыз-шілде аралығында ҚР Президентінің көмекшісі болды.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және т.б. медальдарымен марапатталды.



Қуантыров Әлібек Сәкенұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Білімі:

- Томск мемлекеттік университеті – «Қаржы және несие» және «Лингвистика және мәдениет аралық коммуникация»;
- Мичиган университеті – қолданбалы экономика магистрі.

Еңбек жолы:

2013 жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары болды. 2013 жылдан 2019 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы меңгерушісінің орынбасары, әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары лауазымдарын атқарды. 2019-2021 жылдары – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Бөлім меңгерушісінің орынбасары. 2021 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі болды.

Марапаттары: «Ерен еңбегі үшін» медалі, 4 мерейтойлық медаль.



Лука Сутера

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Enel SpA / SAA менеджмент мектебі (Италия) – жоспарлау және бақылау шебері;
- «Л. Боккони» Университеті (Италия) – іскерлік әкімшілендіру бакалавры, бухгалтерия, қаржы және бақылау саласында мамандану;
- «Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебі» студенттермен алмасу бағдарламасы (Англия).

Еңбек жолы:

Лука Сутера – 22 жылдан астам тәжірибесі бар тәжірибелі бизнес-менеджер, оның ішінде 15 жыл Еуропа, Ресей және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен Тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры болды.

Лука Сутера қазіргі уақытта жетекші британдық интеграцияланған көп салалы коммуналдық компания Energy Asset Group тобының бас қаржы директоры болып табылады.

Energy Asset Group-қа келгенге дейін, 2015 жылдан 2020 жылға дейін Сутера мырза мемлекеттік жаһандық энергетикалық компанияның Катарда орналасқан Nebras Power тобының қаржы директоры лауазымын атқарды.



Жәмішев Болат Бидахметұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Қазақ Ауыл шаруашылығы институты – «Экономист»

Еңбек жолы:

«Қазақстан халқына» ҚӘҚ төрағасы. 2004 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау туралы Агенттік төрағасы болды. ҚР Қаржы министрі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрі, Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ның Басқарма Төрағасы қызметін атқарды.

Марапаттары:

«Құрмет», «Парасат» ордендері, «Астанаға 10 жыл» мерейтойлық медалі.



Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма-сының төрағасы

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – «Механик, қолданбалы-математик»;
- Халықаралық Мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектор қаржысы кафедрасы, «Экономика» бағыты, «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, Мәскеу қ., экономика магистрі;
- Executive MBA бағдарламасы бойынша Назарбаев Университеті Жоғарғы бизнес мектебі, Duke university's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама – «Іскерлік әкімшілендіру» магистрі;
- Stanford Executive Program бағдарламасы бойынша Стэнфорд университетінің Жоғарғы бизнес мектебі.

Еңбек жолы:

«KEGOC» АҚ бірінші вице-президенті, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы лауазымдарын атқарған.

Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы өтініштер түрінде өздерінің мүдделілігі туралы ақпаратты ашады және кез келген өзгерістер туралы Қордың корпоративтік хатшысына хабарлайды.

Қордың Директорлар кеңесінің жанында құзыретіне аудит және тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарау кіретін комитеттер жұмыс істейді.

Атқарушы органның құрамы

Осы есеп дайын болған күні Басқарма құрамы келесі құрамда ұсынылды.

(44-бетте)



ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



Сәтқалиев Алмасадан Майданұлы
Басқарма төрағасы

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – «Механик, қолданбалы-математик»;
- Халықаралық Мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектор қаржысы кафедрасы, «Экономика» бағыты, «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, Мәскеу қ., экономика магистрі;
- Executive MBA бағдарламасы бойынша Назарбаев Университеті Жоғарғы бизнес мектебі, Duke university's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама – «Іскерлік әкімшілендіру» магистрі;
- Stanford Executive Program бағдарламасы бойынша Стэнфорд университетінің Жоғарғы бизнес мектебі.

Еңбек жолы:

«KEGOC» АҚ бірінші вице-президенті, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы лауазымдарын атқарған.

Марапаттары: Ордендер: «Құрмет», «Парасат». Медальдер: «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл мерекелік медалі», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл», «KAZENERGY Қауымдастығына 10 жыл», ТМД еңбек сіңірген энергетигі, III дәрежелі «Барыс» медалімен марапатталды.



Жанәділ Ернар Бейсенұлы
Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжамдау институты (ҚМЭБИ), мамандығы «Бухгалтерлік есеп»;
- Манчестер Бизнес Мектебі, Манчестер университеті (Ұлыбритания), магистр дәрежесі, Бухгалтерлік есеп және қаржы.

Еңбек жолы:

Ернар Бейсенұлы түрлі жылдары Price waterhouse Coopers халықаралық аудиторлық фирмасында, Philip Morris Kazakhstan филиалында жұмыс істеді. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржылық бақылаушы лауазымына тағайындалып, кейіннен Қаржы және операциялар жөніндегі Басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі бірлескен Басқарушы директор лауазымына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына бекітілді.



Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы
Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- 2007–2010 University of Toronto, Canada, Public Policy and International Studies;
- 2015–2018 University of Warwick, United Kingdom, Master of Business Administration.

Еңбек жолы:

Ернат Құдайбергенұлы өзінің еңбек жолын 2011 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-да бастаған. 2013-2018 жылдар аралығында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның түрлі департаменттерінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2019 жылдан 2021 жылға дейін Whiteshield Partners компаниясында жоба жетекшісі болып жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, орнықты даму және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарды.



Нұрбаева Назира Нұртілеуқызы
Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Wisconsin Center Richland университеті, АҚШ, мамандығы «Бизнес-әкімшілендіру».

Еңбек жолы:

Назира Нұртілеуқызы еңбек жолын 1998 жылы PriceWaterhouse филиалында бастады. 2003 жылдан 2004 жылға дейін LUKOIL Overseas Services, Ltd аға салық кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2014 жылдан 2020 жылға дейін «PriceWaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС-нің директоры қызметін атқарды. 2020 жылғы маусым мен 2021 жылғы сәуір аралығында «Deloitte TCF» ЖШС-нің Серіктесі ретінде жұмыс істеді.



Казутин Николай Юрьевич
Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, мамандығы «Бухгалтерлік есеп және аудит».

Еңбек жолы:

Николай Юрьевич өзінің еңбек жолын 2001 жылы бастады және 2005 жылға дейін сақтандыру компанияларында қаржы талдаушысы ретінде жұмыс істеді. 2006-2016 жылдар аралығында «Прайсуотерхаускуперс Такс энд әдвайзри» ЖШС-де жұмыс істеді. 2016 жылдан 2020 жылға дейін «Көкшетау минералды сулары» АҚ және «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да Ішкі аудит қызметінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2020 жылдан 2022 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.



Атқарушы орган жанында тұрақты даму саласындағы бірқатар комитеттер жұмыс істейді:

HSE комитеті

Комитет проблемалық мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу, сондай-ақ HSE саласындағы стратегиялық бастамалар мен идеяларды қарауға шығаратын диалог алаңы.

Тұрақты даму комитеті

Тұрақты даму жөніндегі комитетті құрудың мақсаты – тұрақты даму саласында портфельдік компаниялар өткізетін іс-шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеу және үйлестіру.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

2021 жылы біз коронавирус пандемиясы, пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі, экологиялық апаттар, климаттық қауіптер мен мүмкіндіктерді басқарудың жаңа талаптары сияқты жаңа факторларды ескере отырып, негізгі тәуекелдер тізімін жаңарттық. Коронавирус пандемиясының нәтижесінде Қор адам капиталына байланысты тәуекел мәртебесін негізгі деңгейге көтерді.

Қор тобындағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатында көрсетілген. Бұл Саясат COSO-ның «Ұйымдардың тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері: стратегия мен тиімділік көрсеткіштерімен интеграция» ұсынымдарын ескере отырып жасалған және тәуекел иелерінің Қордың барлық деңгейлеріндегі тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілігін күшейтуді, тәуекел менеджментінің барлық процестерге кірігуін арттыруды қамтамасыз етуге арналған.

Қорда және портфельдік компанияларда жыл сайынғы негізде тәуекел-тәбет, тәуекелдер тіркелімі және картасы бекітіледі; портфельдік компаниялар мен Қорды басқару органдарының қарауына қызметтің маңызды салалары бойынша басқарушылық есептілік тұрақты негізде ұсынылады.

Директорлар кеңесі тұрақты негізде мынадай негізгі тәуекелдерді қадағалап отырады:

- жазатайым оқиғалар тәуекелі;
- маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдері;
- әлеуметтік тұрақтылық тәуекелдері;
- кредиттік, валюталық тәуекелдер;
- сот талқылауының тәуекелдері;
- қаржылық тұрақтылық тәуекелдері;
- құпия ақпараттың таралып кету қаупі;
- ақпараттық жүйелердің тәуекелдері;
- беделге нұқсан келтіру қаупі.

Ашықтық, есептілік және комплаенс

Қордың Қоғамдық кеңесі

Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде қоғамның пікірін ескеру, Қор мен ұлттық компаниялар қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында консультативтік-кеңесші және байқау орган – «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесі құрылды.

Қоғамдық кеңестің міндеттері:

- азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру;
- азаматтық қоғаммен сындарлы өзара іс-қимылды дамыту;

- Қордың даму стратегиялары мен жоспарларын іске асыру мониторингі;
- Қордың қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізу.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс

Ашықтықты қамтамасыз ету, заңнама талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ барлық портфельдік компанияларда комплаенс институтын белсенді түрде ілгерілетіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті сапалы жаңа деңгейге шығарды.

2021 жылы компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-функцияларды орындау жүктелген дербес комплаенс-қызметтер мен бөлімшелер құрылды. Барлық комплаенс-қызметтер тікелей Директорлар кеңесіне есеп береді, бұл олардың атқарушы органдардан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Қордың Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жаңа саясатын қабылдады, онда Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздер айқындалды.

Жедел желіге келіп түсетін релевантты өтініштердің саны



Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп Адалдық Алаңы жобалық кеңесі ашылды.

Қызметкерлер үшін комплаенс-тренингтер өткізіліп, «жедел желі» және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар туралы жаңартылған ақпараты бар баннерлер орналастырылды.

Бастамашылық ақпараттандыру жүйесі (жедел желі) заңнама бұзушылықтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тиімді құралға айналды.

2021 жылы жедел желіге 594 өтініш келіп түссе, оның ішінде 150 жағдай расталды. Келіп түскен өтініштердің 43%-ы еңбек жанжалдарына, 15%-ы – сатып алу рәсімдеріне, 12%-ы – белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзуға, 13%-ы – алаяқтық, ұрлық және жымқыруға қатысты.

Өтініштердің басым бөлігі Қазақстан Темір Жолы, ҚазМұнайГаз және Қазпоштаға қатысты. Анықталған бұзушылықтар бойынша ақпарат қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық құрамы анықталған жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша шараларды жетілдіру мақсатында Қордың Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу саясатын бекітті.

Саясатта мүдделер қақтығысын реттеудің негізгі декларациялары мен қағидаттары бекітілген, олар өз кезегінде Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық комплаенс тәжірибелеріне негізделеді. Саясаттың мақсаты – Қор мен акционерлердің мүдделері үшін шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз процесін қамтамасыз ету есебінен қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру.

Қор серіктестермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастарда тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, ақ ниетпен, әділ және бейілді әрекет етуге міндетті сенімгерлік қатынастарды белгілейді және олардың сақталуын талап етеді, мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және болдырмау шараларын қабылдайды.



Жауапты сатып алулар

Қор тобының сатып алу жүйесі рәсімдердің ашықтығына, бәсекелестіктің тең шарттарына, жеке серіктестікке, өнім берушілердің сенімділігіне және барлық тараптардың тиісті нормаларды толық сақтауына кепілдік береді.

Сатып алу рәсімдерін оңайлату және олардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, ол Қор тобына кіретін компаниялар үшін бірыңғай портал болып келеді. Портал тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті жоспарлаудан бастап сатып алуды жүргізуге және тауарларды қоймаға жеткізуге дейінгі толық циклды қамтиды. Электрондық дүкен арқылы сатып алу үлесін жоспарлы түрде арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жеткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін алдын ала біліктілік іріктеудің (бұдан әрі – АБІ) жаңа қағидалары әзірленді, соның салдарынан бір көзден сатып алу деңгейі айтарлықтай төмендеді, өткізілмеген сатып алу үлесі 1%-ға дейін төмендеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша әлеуетті жеткізушілер арасында АБІ процесіне қанағаттану деңгейі 98%-ды құрады.

Жергілікті қамтуды дамыту

Тұрақты негізде сатып алулардағы жергілікті қамтуды дамытуды қолдау бойынша Қор компанияларын үйлестіру жүргізіліп келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 77%-ды құрады.

Отандық бизнестен 4,6 трлн теңгеге тауарлар мен қызметтер сатып алынды. Оның ішінде:

- тауарлар – 2 030 млрд теңге (ЖҚ – 66%)
- жұмыстар – 864 млрд теңге (ЖҚ – 77%)
- қызметтер – 1 739 млрд теңге (ЖҚ – 90%).

Отандық өнім берушілермен 13 трлн теңге сомасына 4 391 ұзақ мерзімді шарт жасалды. Отандық өнімді сатып алуға баса назар аударатырып, ұзақ мерзімді сатып алу жоспарлары әзірленді.

Біз жыл сайын отандық өндірушілерден «қарапайым заттар экономикасы» тауарлары бойынша сатып алу үлесін арттырамыз. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша «қарапайым заттар экономикасы» тауарлары бойынша сатып алу үлесі 90%-ды құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 7%-ға жоғары, оның ішінде:

- жеңіл өнеркәсіп – 97% (2020 жылғы деңгейде);
- тамақ өнеркәсібі – 91% (3 п.т. ұлғайды);

- құрылыс материалдары – 91% (6 п. т. ұлғайды);
- химия өнеркәсібі – 89% (4 п.т. ұлғайды);
- машина жасау – 82% (3 п.т. ұлғайды).

Отандық бизнесті қолдау

2022 жылы Қор отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қолданыстағы барлық шараларын сақтай отырып, Сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібінің жобасын әзірледі.

Тәртіпте қарастырылған сатып алу рәсімдеріндегі негізгі өзгерістерді шартты түрде келесі үш блокқа бөлуге болады:

1-блок. Сатып алудың ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған өзгерістер:

- 1) сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерін регламенттейтін барлық құжаттар біріздендірілді. Қолданыстағы 9 түрлі деңгейлі құжаттардың орнына жаңа Тәртіптің 1 жобасы бекітілді, онда басқа құжаттарға сілтеме нормаларынсыз барлық сатып алу рәсімдерінің сипаттамасы бар және тікелей әрекет ететін құжат болады;
- 2) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелер 41%-ға қысқартылды (2021 жылмен салыстырғанда 34-тен 20-ға дейін);
- 3) «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен сатып алу санаттарының тізбесін, сондай-ақ біліктілік өлшемшарттарын қоса алғанда, алдын ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін міндетті түрде келісу көзделген;
- 4) санаттар тізбесі мен сатып алу санаттық стратегияларын қоса алғанда, ашық қолжетімділіктегі санаттық басқару туралы барлық ақпаратты веб-порталда міндетті түрде орналастыру көзделген;
- 5) сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер бар негіздер бойынша бір көзден сатып алуға тапсырыс берушілерді комплаенс қызметтерімен міндетті келісу көзделген;
- 6) Қордың тобы және сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу бойынша орташа бағаларға сәйкестігіне жоспарлы бағалардың мониторингі бойынша талап белгіленген.



2-блок. Бизнесі, әсіресе жергілікті өндірушілер мен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бағытталған шаралар:

- 1) отандық тауар өндірушілерді қамтамасыз етудің барлық түрлерінен, оның ішінде авансты қайтарудан босату. Шарт сомасының кемінде 30% мөлшерінде авансты міндетті төлеу;
- 2) 5 жұмыс күні ішінде отандық тауар өндірушілер мен ШОБ үшін есеп айырысу жүргізіледі (электрондық дүкенде);
- 3) ШОБ өкілдері үшін преференциялар (жеңілдіктер) беру:
 - ШОБ субъектілеріне тендерлерге қатысу кезінде 1% мөлшерінде шартты жеңілдік;
 - әлеуетті өнім берушілердің ең төмен бағалары тең болған кезде ШОБ субъектілеріне басымдық беру;
- 4) отандық өндірушілерден сатып алынатын барлық тауарларды жеткізу мерзімі – кемінде 60 күн, күрделі тауарлар үшін – кемінде 120 күн.

3-блок. Бизнеске қолжетімділікті кеңейту және кедергілерді жою:

- 1) сатып алу санаттық стратегияларының саны 78-ден 27-ге дейін қысқарды;
- 2) 2022 жылдың соңына дейін мемлекеттік сатып алуға ұқсас тәсілдерді ескере отырып, электрондық дүкеннің мүлдем жаңа тұжырымдамасы әзірленетін болады;
- 3) міндетті лицензиялауға жататын жұмыстарды сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушіде техника мен жабдықтың болуы жөніндегі талаптарды алып тастау.

ESG-ді бизнес-процестерге интеграциялау

Портфельдік компаниялардың ESG қағидаттарын сақтау жөніндегі күш-жігерін бағалау үшін Қор сондай-ақ портфельдік компаниялардың тәжірибесіне ESG рейтингтері сияқты құралды белсенді түрде енгізуге ниетті. ESG рейтингі компанияның негізгі бизнес-шешімдерін қабылдау процесі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық салаларда тұрақты дамуға бағытталғаны туралы агенттіктің тәуелсіз пікірін білдіреді. Жоғары ESG рейтингі сонымен қатар портфельдік компаниялардың инвестициялық тартымдылығын арттырудың маңызды құралы болады.



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН «SUSTAINALYTICS» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІГІНІҢ ESG-РЕЙТИНГІНЕН ӨТІП ЖАТЫР. ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА ҚОР ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ АЛДЫНА ESG РЕЙТИНГТЕРІН АЛУ МІНДЕТІН ҚОЯДЫ.

ГЛОССАРИЙ

Осы есепте мынадай анықтамалар мен қысқарған сөздер пайдаланылды:

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
АМӨЗ	Атырау мұнай өңдеу зауыты
ЕҚЖЕҚ	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көзі
ДЭФ	Дүниежүзілік экономикалық форум
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ҚМДБ	Қытайдың мемлекеттік даму банкі
ИИДМБ	Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы
ЖМБ	Жаһандық метан бастамасы
СЭС	Су электр станциясы
ГРЭС	Гидроциркуляциялық электр станциясы
ЕТҮ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
АҚШД	АҚШ доллары
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ТЖҚ БНА	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы
ЕО	Еуропалық одақ
БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЛЗ	Ластаушы заттар
ССС	Сатып алу санаттық стратегиясы
ІТ, АТ	Ақпараттық технологиялар
ӘТИ	Әлеуметтік тұрақтылық индексі
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі
Компаниялар, Қордың портфельдік компаниялары, ПК	Ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар
ССБ	Сатып алуды санаттық басқару
ҚТК	Қызметтің түйінді көрсеткіші
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
ҚТЖ	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ЖҚ	Жергілікті қамту
ҚЕХС	Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары
ШОБ	Шағын және орта бизнес
«Қорғас» ШЫХО	«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ
ҚР ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
МЭЖ	Магистральдық электр желілері
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
ҮЕҮ	Үкіметтік емес ұйымдар
КЕҮ	Коммерциялық емес ұйым
СКОК	Солтүстік Каспий операциялық компаниясы
ЕҚЖҚТ	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
ЕҚ, ҚТ и ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
ЕҚЫҮ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
БҮҮ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БХК	«Біріккен химиялық компания» ЖШС
ЭЫДҮ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ПГ	Парниктік газдар
АБІ	Алдын ала біліктілік іріктеу
ІМГ	Ілеспе мұнай газы
ПМХЗ	Павлодар мұнай-химия зауыты
ЖҮШ	Жерасты ұңғымалық шаймалау
БҮҮ КӨНК	БҮҮ климаттың өзгеруі туралы негіздемілік конвенциясы
СҚИ	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС
ҚТББЖ	Қала маңындағы тасымалдарды бақылау және басқару жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ГКӨҚ	Газды кешенді өңдеу қондырғысы
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ДӨО	Деректерді өңдеу орталығы
ЦАТ	Циклдік-ағындық технология
ТДМ	БҮҮ тұрақты дамуының 17 мақсаты
ТБО	Технологиялық бастамалар орталығы
ҮӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
ЭПЗД	Электр пойызы
ESG	Environmental – Social – Governance
GIIN	Global Impact Investing Network
GRI	Global Reporting Initiative, Есеп беру бойынша жаһандық бастама
FWA	Fixed Wireless Access, сымсыз интернет
ROA	Активтердің рентабельділік коэффициенті
ROE	Меншікті капиталдың рентабельділік коэффициенті
SK Trust	«Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры
IRENA	The International Renewable Energy Agency, Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттік
ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы
HSE	Health, safety, and environment
SPE	Society of Petroleum Engineers
SWFI	Sovereign Wealth Fund Institute, Егеменді әл-ауқат қорлары институты

1-ҚОСЫМША

Серіктестік және қауымдастықтарға мүшелік

Қор тобы БҰҰ Жаһандық шартының негізгі қағидаттарын қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы үздік практикаларды сақтауға және өз қызметіне енгізуге ұмтылады әрі әлемдік қоғамдастықпен әріптестікте өз құзыреттерін дәйекті түрде ұлғайтады:

- IFSWF мүшесі (Тәуелсіз әл-ауқат қорларының халықаралық форумы);
- Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі шеңберінде ҚХР Халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу комитетімен серіктестік;
- Қазақстан-Британ іскерлік кеңесі шеңберінде Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігінің DIT, Халықаралық сауда департаментімен серіктестік;
- KITA-мен, Қазақстан-Корей іскерлік кеңесі шеңберінде Корея халықаралық сауда қауымдастығымен серіктестік.



«15 жылдан астам уақыт бойы Лондон қор биржасы қаржыландыруды – борыштық және меншікті капиталды тарту үшін Қазақстанның мемлекеттік және жеке компаниялары үшін қолайлы платформа болды. Біздің қарым-қатынасымыз өсіп, дамып келеді. Былтыр, 2021 жылдың қазан айында Лондон қор биржасы «Самұрық-Қазына» дебюттік еурооблигациялар листингін құптады. Глазгодағы COP26 маңызды саммитінің алдында біз Kazakhstan@30 инвестициялық форумын өткіздік, ол капитал нарығында халықаралық инвесторлардың, консультанттардың және басқа да шешім қабылдаушылар-

дың үлкен аудиториясын жинады. Самұрық-Қазына, АХҚО және Қазақстан елшілігі бірлесіп ұсынған Форум елдің тұрақты көшуге бейілділігін көрсетті және өзінің жаңа өршіл мақсаттарына қол жеткізу үшін іске қосылған жұмыс ағындарын бірінші орынға қойды. Лондон қор биржасы «Самұрық-Қазынаның» Қазақстанның экономикалық дамуына қосқан үлесін және оның Париж келісімінің жаһандық мақсаттарына жәрдемдесуге бейілділігін қолдайды. Біз жаңа инвестициялық тарихты әлемдегі ең терең капитал пулының бірімен байланыстыра отырып, елдің капитал нарықтарының әлемдік қоғамдастығына одан әрі интеграциялануын қолдау мүмкіндігін асыға күтеміз».



«Корея халықаралық сауда қауымдастығы Кореядағы 70 000-нан астам мүше компаниялардың өкілі болып келетін ең ірі іскерлік ұйым. KITA 1946 жылы корей экономикасын сауда арқылы дамыту мақсатында құрылған. Мемлекеттік сапарына орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы тамызда Кореяға барды, Самұрық-Қазына мен KITA қазақстандық және корейлік компаниялар арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін Қазақстан-Корея дөңгелек үстелінде тең төрағалық етеді. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» мен KITA өздерінің төрағалары арасында екіжақты кездесу өткізіп, Көк үйде, Президент Аппаратында сауда, инвестициялар, қызметтер, технологиялар, бірлескен кәсіпорындар мен жобалар саласындағы екіжақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін Қазақстан-Корея іскерлік кеңесін құру бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды».

Қордың портфельдік компанияларының серіктестігі және мүшелігі

Портфельдік компания

Бастамалар мен қауымдастықтар

Қауымдастықтарға мүшелік

Геофизикалық зерттеулер мен ұңғымалардағы жұмыстар жөніндегі ғылыми-техникалық және іскерлік ынтымақтастықтың халықаралық қауымдастығы («ААЖ») Халықаралық мұнай тасымалдау қауымдастығы (IAOT) Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы Қазақстан машина құрастырушылар одағы «KazWeld» қазақстандық пісіру қауымдастығы ҚР Инженер-энергетиктер одағы «IRIS» Ұлттық бизнес қауымдастығы ҚР Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығы Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы «Транскаспий халықаралық көлік бағдары» халықаралық қауымдастығы Oil Spill Response Limited Мұнайдың авариялық төгілуін жоюды қамтамасыз етуге арналған халықаралық қауымдастық (OSRL) «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ IOGP. Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы ISO Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым БҰҰ Жаһандық шарты

Серіктестік

Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы (ӨСАБ) Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ тұрақты түрде жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасы Жаһандық метан бастамасы Климатическая программа CDP Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау жөніндегі бастама (Caspian Environmental Protection Initiative «CEPI»)

Рейтингтерге қатысу

Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілігінің рейтингі

Қауымдастықтарға мүшелік

World Nuclear Association (Дүниежүзілік ядролық қауымдастық) Tantalum-Niobium International Study Center (Тантал және ниобийді зерттеу жөніндегі халықаралық орталық) «Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастығы The World Nuclear Fuel Market (Ядролық отынның әлемдік нарығы) Nuclear Energy Institute (Ядролық энергетика институты) World Nuclear Transport Institute (Дүниежүзілік ядролық тасымалдау институты) Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Vision ZERO – «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бағдарлама



Портфельдік компания

Бастамалар мен қауымдастықтар

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Темір жолдар ынтымақтастығын ұйымдастыру (ТЖЫҰ) (Қазақстан Республикасының қатысуы)
 Транс-Еуразия тасымалдары жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі (ТЕҰК)
 Шанхай ынтымақтастық ұйымы (Қазақстан Республикасының қатысуы)
 Қазақстан ұлттық экспедиторлар қауымдастығы (ҚҰЭК)
 Халықаралық темір жолдар одағы (ХТЖО)
 Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы
 Қазақстан машина жасаушылар одағы
 Теміржолшы спортшылардың халықаралық одағы (USIC)
 БҰҰ Жаһандық шарты
 «KAZLOGISTICS» көлік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы
 «KAZLOGISTICS» корпоративтік қоры
 «Теміржол техникасын өндірушілер бірлестігі» коммерциялық емес серіктестігі
 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
 Еуразиялық экономикалық одақ (Қазақстан Республикасының қатысуы)
 Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы
 «Транскаспий Халықаралық Көлік Бағдары» халықаралық қауымдастығы
 ISO (International Organization for Standardization)
 Париж келісімі
 Vision ZERO – «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бағдарлама

Қауымдастықтарға мүшелік

ТМД Электр энергетикалық кеңесі
 Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы
 «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы
 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
 БҰҰ Жаһандық шарты

Қауымдастықтарға мүшелік

Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы
 «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы
 Қазақстанның электр қуаты резервтерінің пулын құру
 ТМД Электр энергетикалық кеңесі
 Үлкен жоғары кернеулі электр жүйелері туралы халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE)
 Еуразиялық экономикалық одақ (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы)
 Дүниежүзілік энергетикалық кеңес
 EURELECTRIC қауымдастығы
 Әлемдік энергетикалық кеңес жанындағы атқарушы ассамблея (WEC)
 БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы
 Орталық Азияның үйлестіру электр энергетикалық кеңесі (ОА ҰЭК)



Портфельдік компания

Бастамалар мен қауымдастықтар

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (International Air Transport Association (IATA))
 Азия-Тынық мұхиты аймағы авиакомпанияларының қауымдастығы (Association of Asia Pacific Airlines (AAPA))
 Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының клирингтік палатасы (IATA Clearing House)
 Дүниежүзілік ұшу қауіпсіздігі қоры
 APEX қауымдастығы (Airline Passenger Experience Association)

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Қазақстан машина құрастырушылар одағы
 Халықаралық электр байланысы одағы (ХЭО)
 Байланыс саласындағы өңірлік достастық (БӨД)
 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
 Қазақстандағы блокчейн және дата-орталықтар индустриясын дамыту қауымдастығы
 Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы
 Қазақстан ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы
 Бағалы металдарды өндірушілердің республикалық қауымдастығы

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ICAO)
 Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA)

**Қауымдастықтарға мүшелік**

Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы
 Qazaqstan Qurylysshylyar Odagy
 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

2-ҚОСЫМША

Есептің GRI стандарттарына сәйкестік кестесі

GRI Стандарты	Нөмірі	Мазмұны
	102-1	Ұйымның атауы
	102-2	Қызмет, брендтер, өнімдер мен қызметтер
	102-3	Штаб-пәтердің орналасқан жері
	102-4	Өндірістік алаңдардың орналасқан жері
	102-5	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны
	102-6	Қызмет көрсету нарықтары
	102-7	Ұйым ауқымы
	102-8	Қызметкерлер және басқа да жұмыскерлер туралы ақпарат
	102-9	Жеткізу тізбегі
	102-10	Ұйымдағы және оның жеткізу тізбегіндегі маңызды өзгерістер
	102-11	Сақтық қағидасы немесе тәсілі
	102-12	Сыртқы бастамалар
	102-13	Қауымдастықтарға мүшелік
	102-14	Жоғары басшылықтың үндеуі
	102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер
	102-16	Мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары, стандарттары мен нормалары
	102-17	Әдеп бойынша консультациялар мен өтініштер механизмдері
	102-18	Басқару құрылымы
	102-19	Өкілеттік беру
	102-20	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға жауапты басшылық лауазымдар
	102-21	Мүдделі тараптарға экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша консультация беру
	102-22	Корпоративтік басқарудың жоғары органының және оның комитеттерінің құрамы
	102-23	Корпоративтік басқарудың жоғары органының төрағасы
	102-24	Корпоративтік басқарудың жоғары органын номинациялау және іріктеу
	102-26	Мақсаттарды, құндылықтар мен стратегияларды айқындаудағы корпоративтік басқарудың жоғары органының рөлі
	102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға шолу
	102-35	Сыйақы саясаты
	102-36	Сыйақыны анықтау процесі
	102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі
	102-41	Ұжымдық еңбек шарттары
	102-42	Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және анықтау
	102-43	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі
	102-44	Негізгі тақырыптар мен көтерілген алаңдаушылықтар

GRI Стандарты	Нөмірі	Мазмұны
	102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі
	102-46	Есеп мазмұны мен тақырыптар шекарасын анықтау
	102-47	Маңызды тақырыптар тізімі
	102-48	Қайталанған мәлімдемелер
	102-49	Есептіліктегі өзгерістер
	102-50	Есепті кезең
	102-51	Соңғы есептің шығарылған күні
	102-52	Есеп беру циклі
	102-53	Есеп туралы сұрақтар үшін байланыс ақпараты
	102-54	GRI Standards-қа сәйкес есептілік туралы өтініш
	102-55	GRI-дің мазмұн көрсеткіші
	102-56	Сыртқы сенімділік
GRI 103:	103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру
Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау
GRI 201:	201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн
Экономикалық нәтижелілік	201-2	Қаржылық аспектілер және климаттың өзгеруіне байланысты өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер
GRI 204:	204-1	Жергілікті өнім берушілерге арналған шығыстардың үлесі
Тікелей емес экономикалық әсер		
GRI 205:	205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту
	205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған іс-әрекеттер
GRI 302:	302-1	Ұйым ішінде энергияны тұтыну
Энергия 2016	302-3	Энергия сыйымдылығы
	302-4	Энергияны тұтынуды азайту
GRI 304:	304-2	Қызметтің, өнімдер мен қызметтердің биоалуантүрлілікке айтарлықтай әсері
Биоалуантүрлілік 2016		
GRI 305:	305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары
Шығарындылар 2016		

GRI Стандарты	Нөмірі	Мазмұны
GRI 307: Экологиялық нормаларға сәйкестігі 2016	307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау
GRI 401: Жұмыспен қамту 2016	401-1 401-2	Жаңадан жалданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы Толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік 2018	403-1 403-2 403-9	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқытудан өткен мердігерлер мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің пайызы Өндірістік жарақаттандудың түрлері мен деңгейі, жоғалған күндер мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өлім-жітімнің жалпы саны Өндірістік жарақаттар
GRI 404: Оқыту және білім беру 2016	404-1 404-3	Бір қызметкерге шаққанда оқу сағаттарының орташа жылдық саны Нәтижелілігі мен мансабының дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі
GRI 406: Кемсітушіліктің болмауы 2016	406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету әрекеттері

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Осы Есеп бойынша сұрақтарды ESG департаментінің Корпоративтік басқару секторына governance@sk.kz жіберуге болады, тел.: +7 7172 55 26 74

Толық атауы – «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы
Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Заңды: Сығанақ к-сі, 17/10
Нақты: Сығанақ к-сі, 17/10
Сайт: www.sk.kz
Кеңсе: +7(7172)55-40-01

Сатып алу порталының техникалық қолдау, Call орталық:
 +7 (7172) 55-22-66
Пошта: support@skc.kz

Қор активтерін жекешелендіру мәселелері бойынша, Call орталық:
 +7 (7172) 55-22-66
Телефон: +7 (7172) 55-92-81
Пошта: DPRA@sk.kz

Инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша
Телефон: +7 (7172) 55-40-71,
Пошта: ir@sk.kz

Халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша
Телефон: +7 (7172) 55-40-36

БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша
Пошта: press@sk.kz

Сатып алу әдіснамасы, бақылау және мониторинг департаменті
Телефон: +7 (7172) 55-92-80



Жедел желі
8 800 080 4747



WhatsApp
+7 771 191 88 16



Интернет-портал
sk-hotline.kz



Электрондық пошта
mail@sk-hotline.kz



«НЫСАНА» КОЛЛ-ОРТАЛЫҒЫ (әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша)
8 800 080 3030
8 702 075 3030

